Протокол общественных слушаний в форме открытого собрания

1. Наименование местного исполнительного органа административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), на территории которого осуществляется деятельность, или на территорию которого будет оказано влияние: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жетысуйской области

2. Предмет общественных слушаний:
Отчет о возможных воздействиях для газопровода «Талдыкорган-Ушарал»

3. Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения) или аппарата акима соответствующей административно-территориальной единицы (сел, поселков, сельских округов), в адрес которого направлены документы, выносимые на общественные слушания.
РГ на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» при МЭПР РК

4. Местонахождение намечаемой деятельности:
область Жетісу, Аксуский район.

5. Наименование всех административно-территориальных единиц, затронутых возможным воздействием намечаемой деятельности:
область Жетісу: Аксуский район, Ескельдинский район, Саркандский район, Алакольский район.

6. Реквизиты и контактные данные Инициатора:
"Управление магистральных газопроводов "Алматы" АО "Интергаз Центральная Азия" (БИН: 030641001991), Мамбеков Б. К., эл.почта: Mambekov@ica.kz, тел: +7 777 557 53 33.

7. Реквизиты и контактные данные составителей отчетов о возможных воздействиях, или внешних привлеченных экспертов по подготовке отчетов по стратегической экологической оценке, или разработчиков документации объектов государственной экологической экспертизы.
ТОО "КазЭкоаналитика" (БИН: 130140014396), Абдраманов Ш.А., kazeco2302@gmail.com

8. Дата, время, место проведения общественных слушаний (дата(-ы) и время открытого собрания общественных слушаний):

16 февраля 2026 года в 11:00 часов по адресу: РК, область Жетысу, Аксуский район, пос. Жансугуров, улица Желтоксан 5В, в здании акимата.

9. Копия письма-запроса от Инициатора и копия письма-ответа местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (областей,городов республиканского значения, столицы), о согласовании условий проведения общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний. Приложение 1

10. Регистрационный лист участников общественных слушаний прилагается к настоящему протоколу общественных слушаний. Приложение 2

11. Информация о проведении общественных слушаний распространена на казахском и русском языках следующими способами:
1) в Информационной системе (https://hearings.ndbecology.gov.kz) ;
2) на официальном интернет-ресурсе местного исполнительного органа (областей, городов республиканского значения, столицы) или официальном интернет-ресурсе государственного органа-разработчика Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жетысуйской области.

3) в средствах массовой информации, в том числе, не менее чем в одной газете, и посредством не менее чем одного теле- или радиоканала, распространяемых на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы), полностью или частично расположенных в пределах затрагиваемой территории, не позднее чем за двадцать рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний:

Жетісу облыстық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газет, 10 қаңтар, сенбі, 2026 жыл №2 (19573). Приложение 3

ТОО «Телерадиокомпания «Жетісу», 6 января 2026 г. Приложение 3

4) в местах, доступных для заинтересованной общественности на территории соответствующих административно-территориальных единиц (областей, городов республиканского значения, столицы, районов, городов областного и районного значения, сел, поселков, сельских округов), в количестве 2 объявлений по адресам область Жетысу, Аксуский район, пос. Жансугуров, улица Желтоксан 5В.
Фотоматериалы прилагаются к настоящему протоколу общественных слушаний.

12. Решения участников общественных слушаний: Единогласно за секретаря – Мамбекова А. (за 18 участников)

Участники общественных слушаний единогласно утвердили регламент (за 18 участников).

Общественные слушания единогласно признаны состоявшимися (за 18 участников).

13. Сведения о всех заслушанных докладах: презентация на 12 страницах. Приложение 4

14. Сводная таблица, которая является неотъемлемой частью протокола общественных слушаний, и содержит все замечания и предложения заинтересованных государственных органов и общественности, представленные в письменной форме в соответствии с пунктом 18 настоящих Правил или озвученные в ходе проведения общественных слушаний; ответы и комментарии Инициатора по каждому замечанию и предложению. Замечания и предложения, явно не имеющие связи с предметом общественных слушаний, вносятся в таблицу с отметкой "не имеют отношения к предмету общественных слушаний".

15. Мнение участников общественных слушаний о проекте и качестве рассматриваемых документов (с обоснованием), заслушанных докладов на предмет полноты и доступности их понимания, рекомендации по их улучшению:
Предложения отсутствуют

16. Обжалование протокола общественных слушаний возможно в судебном и досудебном порядке согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу Республики Казахстан.

19. Сводная таблица замечаний и предложений, полученных до и во время проведения общественных слушан

| № пп | Замечания и предложения участников (фамилия, имя и отчество (при наличии) участника, должность, наименование представляемой организации) | Ответы на замечания и предложения (фамилия, имя и отчество (при наличии) отвечающего, должность, наименование представляемой организации) | Примечание (снятое замечание или предложение, "не имеет отношения к предмету общественных слушаний") |
|---|---|---|---|
| | Отсутствуют | | |

17. Председатель общественных слушаний:

Нурахметов М.Б., Руководитель ЖКХ,

16.02.2026г. 11:26 ч.

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)

18. Секретарь общественных слушаний:

Бейсен Эйлигион, ТОО „Бейс", 16.02.2026г., 11:26

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, дата)

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

«2025-2034 жылдарға арналған Эмиссиялар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы жобасы, Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және жұмыс жобасы үшін қоршаған ортаны қорғау бөлімі» **«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Алматы» Магистральдық газ құбырлары басқармасы» филиалы**

| № п/п | Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса) қатысушы | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нурахметов М.Б. | мем/к орган өкілі | 87077019828 | | |
| 2 | Кулахметов Д.А | тұрғын | 87054110001 | | |
| 3 | Абдувалиева З.Т | тұрғын | 84475572805 | | |
| 4 | Турлыбаева М.В | жители | 87772860814 | | |
| 5 | Худайбергенова Н. | тұрғын | 87789511385 | | |
| 6 | Мухамадиева З.Т. | тұрғыны | 87052670339 | | |
| 7 | Семибеков М.Б | тұрғын | 87087530485 | | |
| 8 | Мусабалаев И.С | Аким с/о | 87075701154 | | |
| 9 | Әділбаев Е.Я. | Өкр тұрғыны | 87025372329 | | |
| 10 | Фемде О.М | Житель | 87075631127 | | |
| 11 | Нысангалиева Р. | тұрғын | 87080322756 | | |
| 12 | Нурумгазина Г.Ж | тұрғын | 87770064315 | | |
| 13 | Мухамадиева Ю.О. | тұрғын | 87715194749 | | |
| 14 | Байдаров Д.К | [illegible] тұрғыны | 87015626335 | | |
| 15 | Болатұлы О | Қаракөк ауылы тұрғыны | 87475032595 | | |
| 16 | Жешибаева З. | тұрғын | 87073434649 | | |
| 17 | Омарбекова Ш. | тұрғын | 87057260544 | | |
| 18 | Базарбаев А. | тұрғын | 87781936869 | | |

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)**

исходящий номер: 25222933001, Дата: 24/12/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

*(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)*

Будет осуществляться на следующей территории: область Жетісу, Ескельдинский район
область Жетісу, Аксуский район
область Жетісу, Саркандский район
область Жетісу, Алакольский район

*(территория воздействия, географические координаты участка)*

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях для газопровода «Талдыкорган-Ушарал»

*(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности*

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Жетісу, Аксуский район, Жансугуровская п.а., п.Жансугуров, ул. Желтоксан 5В. акимат, 16/02/2026 11:00

*(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)*

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности ( км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
газета Жетысу; ТОО телеканал "Жетісу"

*(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)*

п.Жансугуров, здание Акимата

*(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)*

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания

общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Филиал ""Управление магистральных газопроводов ""Алматы"" акционерного общества ""Интергаз Центральная Азия"" (БИН: 030641001991), +7(707)-403-35-77, g.zhilkibayeva@ica.kz, www.ica.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО "КазЭкоаналитика"

---

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний**

исходящий номер: 25222933001, Дата: 30/12/2025

*(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)*

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25222933001, от 24/12/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях для газопровода «Талдыкорган-Ушарал», в предлагаемую Вами 16/02/2026 11:00, область Жетісу, Аксуский район, Жансугуровская п.а., п.Жансугуров, ул. Желтоксан 5В. акимат(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

*(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").*

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Филиал ""Управление магистральных газопроводов ""Алматы"" акционерного общества ""Интергаз Центральная Азия"" (БИН: 030641001991), +7(707)-403-35-77, g.zhilkibayeva@ica.kz, www.ica.kz

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "КазЭкоаналитика"

*(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).*

10 қаңтар, сенбі, 2026 жыл №2 (19573)

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

Газет 1918 жылы маусымнан шығады ● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

ЖАЙДАРМАН

# ЖАН ЖАДЫРАТҚАН жаңа мектеп






Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

**Көлтабандықтар үшін жыл жайдарман жаңалықпен басталды. Енді ауылдағы ағайын балаларын басқа елді мекендегі мектепке тасымалдауға мәжбүр болмайды. Себебі, білімге құштар балалар үшін шағын орталығы бар 120 орынды жаңа мектеп есігін айқара ашты.**

Еңлік КЕНЕБАЙ

Жаңа, жайлы, қауіпсіз білім ошағы бейімделген мектептің орнына салынды. Ескі мектепте асхана, мәжіліс және спорт залы болмаған. Оқушылар 9-сыныпқа дейін білім алса, ал 10-11-сыныпқа келгенде басқа мектепте оқитын. Енді бұл мәселе түбегейлі жойылғанына ауыл халқы дән риза.

Ауылдағы ағайынның қуанышын бөлісуге облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов арнайы келді. Ол Президент тапсырмасына сәйкес өңірде қала мен ауыл мектептеріндегі оқыту деңгейін теңестіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті.

*– Облыс құрылғалы бері мектеп ғимараттарын жаңарту, материалдық-техникалық базаларын нығайту кезең-кезеңімен жүзеге асып келеді. Нәтижесінде әлеуметтік нысандарды жаңғырту деңгейі 60 пайызға жетіп, бейімделген мектептердің саны екі есеге қысқарды. Өздеріңіз жақсы білесіздер, балалар ұзақ жылдан бері бейімделген ғимаратта оқып келген болатын. Енді, міне, ауылда 120 орынды заманауи мектеп пайдалануға беріліп, жайлы әрі қауіпсіз білім алуға мүмкіндік жасалып отыр. Ғимарат заманауи талапқа сай жабдықталған. Пән кабинеттері, IT сыныптар, спорт және акт залдары, кітапхана мен зертханалар заман талабына сай жабдықталған. Білім беру саласын қолдау шаралары күн тәртібінен ешқашан да түспейді. Ең бастысы – балаларға саналы тәрбие, сапалы білім беруде ұлағатты ұстаздар тынбай еңбек етіп, жақсы нәтижеге қол жеткізеді деген үміттеміз,* – деген Диас Рахметұлы мектепке жаңа модификациядағы химия кабинетінің жабдықтарын сатып алуға арналған сертификатты табыстады.

Көлтабан ауылы тұрғындарының атынан ардагер Мұрат Рахымов алғысын білдірген соң, дәстүр бойынша мектептің құрылысын жүргізген мердігер ұйым «СП NEFT» ЖШС директоры Нұрлан Қадырбаев жаңа мектептің символикалық кілтін білім беру мекемесінің директоры Жамбы Біржановаға табыстады. Мұнан кейін салтанатты шарадағы ең есте қалған сәт мектептің ашылуын білдіретін лента қию рәсімі болды. Себебі, бұл рәсімге құрметті ұстаздармен, қонақтармен бірге балалар да қатысты. Мектеп салтанатты түрде ашылғаннан кейін қонақтар білім ошағының ішін аралап көрді.

Мектеп директоры Жамбы Біржанова қонақтарға үш қабатты ғимараттың сынып бөлмелерін таныстырды. *«Жаңа мектеп – жаңа мүмкіндіктердің бастауы. Заман талабына сай бой көтерген білім ошағында барлық мүмкіндік қарастырылған. «Оқимын, білім аламын» деген шәкіртке, «Балаға саналы тәрбие, сапалы білім беремін» деген маманға еш кедергі жоқ. Ұстаздар қауымы еліміздің туын биікке көтеретін саналы, білімді, адал азамат тәрбиелеуде тынбай еңбек етеміз»,* – деді.

Үш қабатты жаңа мектеп ғимаратында 11 пәндік кабинет, 2 шеберхана, кітапхана, спорт және акт залы, асхана бар. Қазіргі таңда мектепте 53 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылған. Ал 25 балаға арналған мектепке дейінгі шағын орталықтың ашылғанына ата-аналар дән риза. Себебі, бұған дейін бұл орталық тек түске дейін ғана жұмыс істеген. Шағын орталыққа барлық жағдай жасалғандықтан бүлдіршіндерге күні бойы балабақшада жүруіне мүмкіндік туды.

***Көлтабан ауылы,***
***Ақсу ауданы***

**Жалғасбек МҰХТАРҰЛЫ, химия, биология пәнінің мұғалімі:**

*– Еңбек жолымды агротехникалық колледжде бастадым. Соңғы 2 жылда осы мектепте қызметтемін. Оқушыларым бұрын 3 ғасырлық тарихы бар жарық микроскобын қолданса, қазір заманауи микроскоппен түрлі зертханалық жұмысты орындап жүр. Ғаламтормен, сумен қамтамасыз етілген зертханалық кабинетте қажетті құрал-жабдықтың бәрі бар. Мектепте оқушылардың сапалы білім алуына, ал біз үшін, жайлы жұмыс істеуге жағдай жасалған. Мұның бәрі пәнді терең әрі жан-жақты түсінуге, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік береді.*

**Шынар ӘБДІКӘРІМОВА, ауыл тұрғыны:**

*– Ұлым биыл 7-сыныпта оқиды. Бұрынғы мектеп ескі болды ғой. Келген сайын көңіліміз түсетін. Енді, міне, жаңа мектеп ашылып, еңкейген қариядан, еңбектеген балаға дейін қуанып жатырмыз. Ескі мектепте спорт зал болмайтын. Дене шынықтыру пәні қыс мезгілінде сыныпта, жазда далада өтетін. Енді жарық, кең спорт зал бар. Осындай білім ошағын салуға атсалысқан барша азаматтарға аналық жүрегіммен алғыс айтамын.*

**Жаңыл ТҮРКІСТАН, 11-сынып оқушысы:**

*– 9-сыныпқа дейін осы ауылдағы мектепте оқыдым. Алайда мұнда жоғары сыныптар болмағандықтан, Талдықорған қаласындағы №19 мектепте 10-сыныпты аяқтадым. Жаңа мектеп салынғанына қатты қуанып, өз ауылыма қайтып келдім. Мектеп маған өте ұнады. Қала мектебінен ешбір айырмашылығы жоқ. Бәрі әдемі, жайлы әрі заманға лайық.*

ТАРАЗЫ

# Халық қалауы ГАЗЕТ пе, ГАДЖЕТ пе?

**Бір жайға екіншісі түрткі. Әсіресе, газет жайлы ой қозғаған кезде солай айтуға негіз бар. Дегбіріңізді қашырып тұрғанымызды жақсы түсінеміз, дейтұрғанмен, Tiktok пен Instagram әбден шыдамыңызды әрі кетсе 60 секундқа жететін деңгейге жеткізгенімен сабыр қыла тұрыңыз.**

Дастанбек САДЫҚ

Өйткені біз қозғағалы отырған тақырып ғаламтор қалтафонға ойысқалы талай көкпарға салынып, талайды қызылкеңірдек еткен, қоғамның өзегі бола тұра жарылмаған, әлі біршама мінберде қаузалып, талай басты шайқататын мәселе болып тұр. Қоғам дертін тамыршыдай дөп басып, дәуір дауысымен үндескен газеттің тілшілері мен жанашырларының миында талай атой салған тақырыпты алыстан орағытып әкеп жатқанымыздың да өз жөні бар. Әлеуметтік желі 60 секундтық жады қалыптастырған сіздің шыдамды біз шыңдап көрелік. Әлқиссамызды шынында соңына дейін оқырмысыз. Бәлки, осылар да айта береді-ау деген желеумен қағаз бетіндегі бұл шатпақтан аттап өтерсіз. Жо-оқ! Ұлттың өткені мен бүгінін, болмысы мен бітімін, тұла бойы тұрмысын, табиғатын һәм кеңістігін қызғыш құстай қорыған сол қағазды тастай салады дегенге біз сенбейміз. Өйткені бұл тақырып, өркениеттің ең ұлы жемісіне араша сұрау жайында болмақ. Дайынсыз ба?! Кеттік...

Қәріп һәм оқу! Осы екеуі болмаса адами заттың тарихын, бүгінге дейінгі трансформациясын қалыптастыра алар ма ек. Әрине, жоқ. Ғылымның қазіргі жетістігі қайсы? Жасанды интеллект. Дөп түстіңіз. Бірақ, бұл өнер табыс та уақыт өте келе қолданыстан шығады. Кезіндегі паровоз, пейджер, дирижабль, аудиоплеер сынды өткеннің еншісінде қалады. Өйткені адамның миы әлі талай дүниені ойлап табады. Осыдан 3000-3200 жыл бұрын Мессопатамия халқы алғаш доңғалақты ойлап тапқанда ғылыми прогресс туғандай еді. Сол ғылыми жетістікті де біз өткеннің еншісінде қалдыратын күн де жақындап келеді. Әне, міне, дегенде вертикальді көтерілетін және ұшатын көлік құрастырылсын, асфальт бетінде жүруді доғарамыз. Доңғалақты пайдаланбаймыз. Ғылым деген осы. Бірақ, бір ғана дүние қолданыстан шықпайды: қаріп пен оқу. Өйткені әріп пен оқу осы уақытқа дейін адамды су астында балықтай жүзгізді, ғарышқа ұшырды, «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды». Қазіргі жасанды интеллектіні де қаріп танитындар, оқығандар жасақтады.

Қағаз және қалам. Дүниені өзгерткен де, өзгертетін де осы екеуі болып қалмақ. Қалай? Сендіріп көрелік. Ең алғашқы жазу қашан пайда болды? Пиктография адам алғаш ойлана бастағанда пайда болды дейді ғалымдар. Ой дегеніңіз ғылым, ойланған адам ғана ғылыми жаңалық ашады. Жұмырбастының жазу өнері неолит дәуірінен бастау алады. Қазір сол түрленіп, жазудың неше атасы пайда болды. Сол жазудың жүгін үш дүние арқалап тұр: кітап, газет-журнал және ғаламтор. Тар мағынада түйсінетіндер қағаздың құдіретін ысырып, ғаламторды алға оздырып тұр. Ал, қағаз кеміргендер әлі де оның дәурені өтпейтінін айтып келеді. Құп делік.

*(Соңы 4-бетте)*

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:




БАРЫС-КЕЛІСТІҢ ЖЕМІСІ
3-бетте

ТОПЫРАҚСЫЗ БИДАЙ ӨСІРГЕН
5-бетте





БОЛАШАҚҚА ЖАСАЛҒАН НЫҚ ҚАДАМ
6-бетте

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ

# ҰСЫНЫС та, МӘСЕЛЕ де АЙТЫЛДЫ



Суретті түсірген Қанат МАҚАНҰЛЫ

**Жетісу өңіріне келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің өкілі Ерболат Саурықов алғаш болып облыстық төтенше жағдайлар департаментінің жұмысын саралады. Материалдық-техникалық базасының жағдайымен танысып, мамандардың кәсіби дайындығына оң баға берді.**

Айдар ҚАЛИЕВ

*– Жыл басындағы жоспарға сай маған 3 облыс (Жетісу, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан) бекітілген. Дейтұрғанмен барлық облысты қамтуға тырысамыз. Ең маңызды нысана – тұрғындармен кездесу. Олардың көкейіндегі мәселелерді тиісті деңгейде шешуге атсалысу. Бұл ретте де жоспарлы жұмыстар қажет. Мәселелерді облыс және республикалық деңгейде шешуді қарастырамыз. Сапарымыздың алғашқы кездесуі Жетісу облыстық төтенше жағдайлар департаментінде басталып отыр. Құрылымның материалдық-техникалық базасын, мамандардың кәсіби біліктілігін жоғары бағалаймын. Сала мәселесіз емес, облыста халық саны көп. Алакөл, Балқаш көлдері, таулы аймақтар мен орман қорының молдығын ескерсек, штат жетіспеушілік байқалады. Алдағы уақытта осы мәселені шешуге тырысамыз,* – деді халық қалаулысы.

Кездесуде Ерболат Байұзақұлы көтерілген әлеуметтік және кәсіби мәселелерге байланысты ұсыныстар назарға алынып, заңнамалық деңгейде жұмыс атқарылатынын жеткізді. Халық қалаулысы жергілікті құрылымдармен бірлесе жұмыс істеу маңызды екенін атап өтіп, ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту керегін баса айтты.

Осыдан кейін ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің өкілі Ерболат Саурықов №18404 әскери бөлім – 37 десанттық шабуылдау бригадасының қызметімен танысты.

Халық қалаулысы алдымен ұшқышсыз ұшу құрылғысын басқару бойынша арнайы дайындықтан өтіп жатқан сарбаздардың жұмысымен, жеке құрамның күнделікті қызметі, әскери техникалармен танысты. Шара барысында әскери қызметкерлердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету басты назарға алынды.

Келесі кезекте №21751 әскери бөліміне бас сұғып, әскери әуе техникасының жай-күйі, ұшу құрамының кәсіби даярлығын көрген. Ерболат Саурықов әскери қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру, әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған бастамаларға заңнамалық қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Сапар соңында халық қалаулысы «Ауыл» партиясы Жетісу облыстық филиалының активімен және аймақ фермерлерімен кездесті. Онда партия мүшелерінің аймақтағы атқарылып жатқан жұмыстары, алдағы жоспарлары кеңінен талқыланды. Шараға қатысушылар ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді көтеріп, ұсыныс-пікірлерін айтты.

Депутат көтерілген мәселелер шешімін табатынын айтып, әр саланың үздік қызметкерлерін марапаттады. Солардың қатарында Жұмағали Жексенбіұлына «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

ДЕПУТАТТАР ЕЛ ІШІНДЕ



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

# ЖЕТІСТІКТЕР ЖЕТІЛЕ ТҮСЕДІ

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Руслан ҚОЖАСБАЕВ пен Болат КЕРІМБЕК Жетісу облысына жасаған жұмыс сапары барысында Талдықорған қаласындағы бірқатар стратегиялық маңызы бар өндіріс орнының қызметімен танысты. Сапар аясында өңірдің индустриялық әлеуеті, инвестициялық жобалардың жүзеге асу барысы және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері талқыланды.**

Қажет АНДАС

Депутаттар барған «Талдықорған кабель» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2018 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Зауыт электр сымдары мен кабель өнімдерін өндіруге маманданған. Қазіргі таңда мұнда 190-нан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған, қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 266 845 теңгені құрайды.

Кәсіпорында ай сайын кабель және электр сымдарының бірнеше түрі шығарылады. Атап айтқанда, оқшауланбаған және оқшауланған сымдар, күштік және бақылау кабельдері, брондалған кабельдер, сондай-ақ заманауи полиэтилен технологиялары негізінде дайындалатын өнімдер өндіріледі. Бұл өнімдер энергетика, құрылыс және инфрақұрылым салаларында кеңінен қолданылады.

Шикізаттың 80 пайызы отандық өндірушілерден сатып алынса, дайын өнім толықтай Қазақстан нарығына жөнелтіледі. 2025 жылы кәсіпорынның өндіріс көлемі 9,9 млрд. теңгеге жуықтады. Осылайша, «Талдықорған кабель» ЖШС өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға және импортты алмастыру саясатын жүзеге асыруға елеулі үлес қосып отыр.

Кәсіпорындағы жұмыс барысымен танысу кезінде Мәжіліс депутаты Болат Керімбек өндірістің ел экономикасы үшін маңызын атап өтті.

*– Мұндай кәсіпорын өңір экономикасының тірегі. Отандық өндірістің дамуы импортқа тәуелділікті азайтып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Мемлекет үшін ең бастысы – нақты өнім шығарып, ел сұранысын қамтамасыз етіп отырған зауыттарды қолдау. Жетісудағы өндіріс орындары осы талаптарға толық жауап береді,* – деді депутат.

Ал Мәжіліс депутаты Руслан Қожасбаев өндірістік инфрақұрылымды дамыту өңірлік өсімнің негізгі факторларының бірі екенін атап өтті.

*– Бүгінгі таңда нақты өнім шығарып отырған кәсіпорындарды қолдау аса маңызды. Мұндай зауыттар экономиканы әртараптандырып қана қоймай, халықты тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. Жетісу облысында жүзеге асып жатқан жобалар – соның айқын дәлелі,* – деді ол.

Соңғы жылдары облыста индустриялық жобалар қарқынды жүзеге асуда. Бүгінге дейін облыста жалпы құны 50,6 млрд. теңгені құрайтын 25 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде 988 жаңа жұмыс орны ашылды. Ал облыс орталығы – Талдықорған қаласында 11 айдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6,5 пайызға өсіп, 166,4 млрд. теңгеге жетті.

Өткен жылы өңірде 15 жаңа өндіріс іске қосылып, 2 кәсіпорын кеңейтілді. Атап айтқанда, аккумулятор шығаратын «Asma Industrial», газбетон блоктарын өндіретін «Стальбетон» зауыттары жұмысын бастады. Сонымен қатар, «Қайнар-АКБ» аккумулятор зауытында жаңа өндірістік желі іске қосылып, 10 млрд. теңге инвестиция тартылып, 150 жаңа жұмыс орны құрылуда.

Бұл жетістік алдағы уақытта да жетіле түседі.

БРИФИНГ

# ҚАУІПСІЗДІК қатаң бақылауда

**Жаңа жыл және Рождество мерекелері кезінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, төтенше жағдайлар департаментінің жеке құрамы күшейтілген қызмет режимінде жұмыс атқарды. Осыған орай Журналистер үйінде брифинг өтті.**

31 желтоқсан мен 2 қаңтар аралығында облыс аумағында ірі төтенше жағдайлар орын алмапты. Алайда 2 қаңтар күні бір қайғылы оқиға тіркелді.

*– Кербұлақ ауданына қарасты Сарыбастау ауылдық округінің мал қыстауында орын алған өрт салдарынан 1 адам қаза тапты. Рождество мерекесінде, Талдықорған қаласының Қаратал ықшамауданында орын алған өрт кезінде 8 адам құтқарылды. Оның жетеуі бала,* – дейді ТЖД төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Ринат Тазабеков.

Жаңа жыл түні қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өңірде ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар кешені іске асырылды. Қызметке 687 полиция қызметкері мен 95 қызметтік автокөлік қатысып, адамдар көп жиналатын орындар, стратегиялық маңызы бар нысандар және негізгі көлік бағыттары бақылауға алынды. Мерекелік кезеңде қоғамдық-саяси ахуал тұрақты сақталып, пиротехникалық бұйымдарды пайдалану талаптарын бұзуға қатысты 80 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды.

Қабылданған кешенді шаралар қоғамдық тәртіпті, жол қозғалысы қауіпсіздігін және төтенше жағдайлардың алдын алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**



КЕДЕН




# ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ жаңа келбеті

**«Алтынкөл» халықаралық темір жол стансысында жаңа экспорттық парк және «Алтынкөл-Жетіген» учаскесінде қосымша жолдар салынып, жаңғыртылуда.**

Бұл «Алтынкөл» бекетінің өткізу қабілетін тәулігіне 20-дан 33 пойызға дейін, Алтынкөл-Жетіген учаскесінің өткізу қабілетін тәулігіне 18-ден 33 пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Шекарадағы «Нұр Жолы» өткізу пункті – еліміздің оңтүстік шығысындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы басты автокөлік өткелі. Қазіргі уақытта мұнда өткізу қабілетін арттыру, көлік ағынын оңтайландыру және цифрландыру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Биыл «Нұр Жолы» өткізу пункті аумағында ірі габаритті көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталып, қазіргі таңда абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Аталған жолмен ірі габаритті көліктермен қатар жеңіл көлік құралдарын «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығына» бағыттау жоспарланған. Бұдан бөлек, бельгиялық SARENS халықаралық компаниялар тобының жеке қаражатына «Нұр Жолы» өткізу пункті аумағындағы екінші айналма жолы және ірі жүк көліктеріне арналған уақытша сақтау қоймасы мен жинақтағыш аймақ салу жұмыстары басталды. Бұл жобаның жалпы құны 8 млрд. теңге шамасында. «Нұр Жолы» өткізу пунктіне жақын маңда Қорғас-Алматы республикалық автомобиль жолы бойында «Каусар Карго» компаниясының халықаралық автовокзал мен сервистік орталық салу жобасы жүзеге асырылуда.

«Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығы» облыс әкімдігінің теңгеріміне өткеннен кейін орталықта ауқымды жұмыстар жасалды. Толық ревизия жүргізіліп, бұрын жұмыс істемей тұрған нысандар іске қосылды. Электр және кәріз жүйелері жаңғыртылды, газдандыру жүргізілуде, ішкі және кіреберіс инфрақұрылым айтарлықтай жақсартылды. Барлық басқару және өткізу жұмыстары толық цифрландырылып, Face ID жүйесі енгізілді. Нәтижесінде «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастығы орталығы» заманауи инфрақұрылымы бар, сауда мен инвестицияны дамытуға бағытталған тиімді алаңға айналды.

Бұрынғымен салыстырғанда орталықтың өткізу қабілеті айтарлықтай өсті. Келушілер саны екі есеге артып, күнделікті келушілер 2500-ден 5000 адамға жетті, сенбі, жексенбі және мерекелерде саяхатшылар саны 8000-нан асады, өткен жылғыдан бюджетке салықтық төлемдері 44 есе көбейді. Мәселен, бюджеттік төлемдер 2023 жылы 79 млн. теңге болса, былтыр 3,6 млрд. теңгеге жетті. 2025 жылғы өсу қарқыны 6,5 есені құрады. «Қорғас-Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағындағы жаңа ашылған кәсіпорындардағы пайда болған жұмыс орындарының саны екі мыңға жуықтап, мұнда 63 млрд. теңгеге 32 жоба жүзеге асырылды.

Бұдан бөлек 2032 жылға дейін тағы 34 жобаны іске асыру жоспарлануда. Халықаралық әріптестік негізінде 330 млрд. теңге жұмсалатын мың гектар аумақты қамтитын «Қазақстан-Қытай халықаралық өнеркәсіп қаласы» компаниясының индустриялық паркінің құрылысы аяқталса мұнда салынатын 25-тен аса зауыт пен басқа да әлеуметтік нысандарда 2000-нан астам адам тұрақты жұмыс орнын табады. Сол сияқты «Envision KKS» компаниясының жел генераторлары мен энергия сақтау жүйелерін шығаратын зауыт құрылысына 21 млрд. теңге жұмсап, онда 300 жұмыс орны жасақталады.

«SKYHANSA» компаниясының (Германия – Қазақстан) халықаралық жүк және жолаушылар әуежайының құрылысына 250 млрд. теңге жұмсалмақ, онда 700 жұмыс орны ашылады. Бұдан бөлек, ауданда тағы бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Мысалы, шекара маңы аумағындағы көлік-логистикалық және сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталған Жібек жолын дамыту жөніндегі халықаралық «Шығыс қақпасы» серіктестігі жобасына 22 млрд. тенге жұмсалып, 300 жұмыс орны пайда болмақ. «SILK WAY ENERGY LTD» серіктестігінің сұйытылған газ өндіру, сақтау және тарату жобасына 135 млрд. теңге, сондай-ақ, құс шаруашылығы саласындағы «Jarkent Qus» серіктестігінің жобасына 168 млрд. тенге инвестиция тартылады.

**Мырзағали НҰРСЕЙІТ**
***Панфилов ауданы***

ШАРАЙНА



# БАРЫС-КЕЛІСТІҢ ЖЕМІСІ

## берекелі болсын ел іші

**Бір жылдың ішінде 252 сағатты ұшақта өткізіп, 23 мемлекетке арнайы барған. Оның екеуі Ресей мен Өзбекстанға мемлекеттік сапар болса, бесеуі Қытай, Түркия, Иордания, Қырғызстан мен Жапония елдеріне ресми сапар ретінде тіркелген. Қалғаны жұмыс сапарлары. Бұл – ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылғы жұмыс кестесіндегі көрсеткіштің бір парасы.**

Мәди АЛЖАНБАЙ

Былтыр негізінен, көрші елдерде өткен халықаралық саммиттерге барған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейге 18 рет, Қырғызстанға 7 рет сапар жасап, жаһандық мәселелерді талқылау үшін Нью-Йоркте Владимир Зеленскиймен, Вашингтонда Дональд Трамппен кездесу өткізді.

Шетелдік сапарлар аясында Мемлекет басшысы сауда-саттық, экономика, көлік-логистика және инвестиция салаларындағы ықпалдастықты нығайтуға айрықша мән беріп, халықаралық кездесулерде жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын келісімдерге қол қойған. Ел ішінде де атқарылған жұмыс қыруар. Кең-байтақ Қазақстанның 9 өңіріне барған Президент 50-ден астам өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени нысанды аралап, 16 облыс пен республикалық маңызы бар қала әкімдерінің есебін тыңдаған.

Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Руслан Желдібайдың пікіріне қарағанда, өткен жылдың қорытындысы бойынша экономикалық өсім 6 пайыздан асқан.

– *Бұл соңғы 10 жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Қазақстан тарихында тұңғыш рет ішкі жалпы өнім көлемі 300 миллиард доллардан асты. Ол жан басына шаққанда 15 мың доллардан келеді,* – деген Желдібай елімізде жалпы құны 1478,1 миллиард теңгені құрайтын 185 жоба пайдалануға берілгенін, 22,8 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылғанын алға тартады.

*Жобалардың барлығы толық қуатына көшкен кезде экономикаға айтарлықтай серпін береді. Өндіріс көлемі 2,3 триллион теңгеге жуықтайды.*

Былтыр Достық – Мойынты теміржолының екінші желісін, Қостанай облысындағы KIA Qazaqstan автокөлік зауытын іске қосқан Президент Шымкент және Қызылорда әуежайларының жаңа терминалдарын аралап көріп, Астанадағы Stadler Kazakhstan зауыты шығарған алғашқы жолаушылар вагонымен танысты.

Сондай-ақ, былтыр 13 мың шақырым автокөлік жолын салу және жөндеу жұмыстары басталды. Оның ішінде жаңа жолдардың ұзындығы 1,9 мың шақырым. Стратегиялық тұрғыдан маңызды күрежолдар қатарында Орталық – Батыс автомагистралы, Қарағанды – Жезқазған, Ақтөбе – Ұлғайсын, Атырау – Доссор бағыттары бар. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Зайсан, Қатонқарағай және Кендірліде үш жаңа әуежай құрылысы басталып, Арқалық әуежайын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды.

Президент әуе арқылы жүк тасымалдайтын алғашқы ұлттық компанияны құру бастамасын қолдады. Бұл еліміздің көлік әлеуетін дұрыс пайдаланып, әлемдік нарыққа шығуға мүмкіндік береді.

*– 2025 жылы ел нарығына бірқатар жаңа авиакомпания кірді. Бұдан бөлек, 35-тен астам жаңа бағдар, соның ішінде тұңғыш рет Шанхай, Гуанчжоу мен Мюнхенге тікелей рейстер ашылды,* – деген Руслан Желдібай Қызылжар – Мойынты екінші жолының, Алматы маңындағы айналма жолдың, Дарбаза – Мақтаарал және Бақты – Аягөз жаңа теміржол желілерінің құрылысы мен еліміздегі 124 вокзалға күрделі жөндеу, жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты.

Жалпақ жердің бетінде Ұлы Дала деп аталған еліміздің топырағы құнарлы, суы мөлдір, өнімі мол келетіні белгілі. Осыған орай өткен жылы аграрлық салаға инвестиция құю 20 пайызға ұлғайып, 790 миллиард теңгеге жеткен. Соның арқасында соңғы 3 жылдағы еңбек өнімділігі 37,3 пайызға артса, ауыл шаруашылығына жеңілдікпен берілген несие көлемі 1 триллион теңгеден асқан. Елімізде шығарылатын агроөнеркәсіп өнімдері әлемнің 70 еліне экспортталады. Оның жалпы құны 5 миллиард доллардан асады.

Былтыр жер емген диқандар 27 миллион тонна астық жинады. Ел қамбасын толтыруға барлық өңір атсалысты. Көрсеткіш молая түсуі үшін заманауи технологияны айналымға енгізіп, өнім алу жолдарын жасанды интеллектімен жобалаудың тиімді екенін ескерткен Президент биыл «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында жаңа дәуірдің талабынан туындаған тәртіпті қалыптастырудың жолдарын қарастырды. Осыған орай Қазақстанды алдағы 3 жылдың ішінде толық цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде стратегиялық міндет қойған Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект туралы» Заңды қабылдап, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құрды. Ғылыми технология қарқынды дамыған заманда жасанды интеллектіні меңгеру аса қажет. Сондықтан компьютерлік шешімдерді игілікті жолға жұмсауды пайдалануымыз әлемдік жұртшылықтың алдыңғы қатарында екендігімізді көрсетсе керек. Мысалы, Президенттің өткен жазда Астанада Alemcloud ұлттық суперкомпьютерін ресми түрде іске қосуы жаһан назарын елімізге аудартты. Қараша айында өткен тестілеу нәтижесінде аталған жүйе суперкомпьютерлердің әлемдік TOP-500 рейтингінде 86-орынға ие болғанын көзіқарақты оқырман оқып, біліп отыр.

Жалпы, Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасына орай елімізде жасанды интеллектіні меңгеруге қажетті қадамдар жасалып, түрлі шаралар өткізілуде. «Қазақтелеком» АҚ-ның Алматыға екінші AlFarabium суперкомпьютерін жеткізуі, елімізде ЖИ саласындағы арнаулы зерттеу университетін құру бастамасы, Астанада Alemai халықаралық жасанды интеллект орталығының ашылуы, студенттерге арналған AI-Sana бағдарламасы іске қосылуы соның қатарына жатады. Жақында өткен Үкімет отырысында цифрлық технологияларды, оның ішінде озық IT-технологияларды қарқынды дамытуды жалғастыратынын алға тартқан Премьер-Министр Олжас Бектенов медицина, білім, экономика салаларын дамыту, төтенше жағдайларға қарсы күрес және алаяқтықтың заманауи түрлерін анықтау үшін цифрлық құралдарды әзірлеп шығару қажеттігін атап өткен болатын. Осының өзі еліміздің дәуір тудырған талаптарды еңсеруге деген құлшынысын көрсетеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әр сапарында сол елдегі қазақ жастарымен арнайы кездесуі алыста жатқан Отанның жүрек қағысын анық танытатынын айтқымыз келеді. Жапонияда білім алып, жұмыс істеп жүрген жас толқынмен кездесу кезінде сумошы Ерсін Балтағұлмен оңаша сөйлесуі қарға тамырлы қазақтың бойындағы қанын бір ойнатты. «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген қарғысқа жақын мәтелді қорықпай айтатын ұлттың ұланы өзінің алыптығын, жүрегінің кеңдігін Президентпен кездесуінде бір паш етті. Осылайша миллиардтаған келіссөздерден гөрі алып мұхиттың ортасында жатқан құрлықта жүздескен екі қазақтың өзара әңгімесі жүректерге сезімі жоғары жылу таратты. «Қарға тамырлы қазақ» деп айтылатын ұлттық анықтаманың айқын көрінісі өткен жылдың бедерінде осылайша көрініс тапты.

Өткенге салауат, келешекке береке берсін! Былтырғы жылы орын алған жақсылықтар мен жетістіктер биыл да жалғасып, мол табысқа, зор өнімге жеткізеді деп сенеміз.

СҰХБАТ АЛАҢЫНАН ТУҒАН ОЙ

# РЕФОРМА үшін РЕФОРМА жасалмайды

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВТЫҢ «Turkistan» газетінің бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, публицист Бауыржан Бабажанұлына берген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» атты сұхбаты бүгінгі қоғамның жай-күйін саралап қана қоймай, ел дамуының алдағы кезеңіне арналған нақты бағдар мен жауапкершілігі зор міндеттерді айқындап берген мазмұнды әрі маңызды саяси құжат болды.**

Президент өз сөзінде алдағы кезеңде жүзеге асатын реформалардың басты бағыттарына тоқталып, олардың негізгі мақсаты әділетті мемлекет, инклюзивті экономика және жауапты қоғам қалыптастыру екенін айқын атапты.

«Реформа үшін реформа жасалмайды» деген ұстанымды алға тарта отырып, барлық өзгерістердің түпкі нәтижесі халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталуы тиіс екенін нақты жеткізді.

Сұхбатта Мемлекет басшысы ерекше мән берген бағыттардың бірі – әлеуметтік әділеттілік пен тең мүмкіндік екені айқын көрінеді. Бай мен кедей арасындағы алшақтықты азайту, табысты әділ бөлу, әлеуметтік саясаттың нақты мұқтаж азаматтарға жетуін қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеті екенін Қасым-Жомарт Кемелұлы нақты атап өтті.

Аңғарып қарағанға бұл халықтың ең өзекті сұраныстарына берілген шынайы әрі батыл жауап.

Президент білім мен ғылымды, мәдениет пен руханиятты ұлттың ұзақмерзімді дамуының өзегі ретінде қарастырады. Ұлт сапасы тек экономикалық өсіммен өлшенбейді, ол ең алдымен адам капиталының деңгейімен, тәрбиелі, білімді әрі жауапкершілігі жоғары азаматтармен айқындалатынын әрбір саналы азаматтың жадында бекіте түсті.

Сонымен қатар білім мен руханиятты жаңа арнаға бұру үшін мұғалімдер мен мәдениет қызметкерлерінің мәртебесін көтеру, білім сапасын арттыру стратегиялық басымдық болып қала беретінін де тілге тиек етті.

Мемлекет басшысы заң үстемдігі, әділ сот жүйесі, жемқорлықпен жүйелі күрес мәселелеріне де айрықша тоқталып, мемлекет тек талап қоятын ғана емес, заң алдында өзі де жауап беретін құрылымға айналуы тиіс деген келелі ой айтты.

Біле білгенге бұл ел азаматтарының мемлекетке деген сенімін арттырудың негізгі алғышарты екені анық.

Сұхбатта өңірлердің тең дамуы, ауылды қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту мәселелері де кеңінен қамтылған.

Алматы облысынан сайланған депутат ретінде бұл бағыттағы бастамалардың өңірлердің әлеуетін толық пайдалану, әлеуметтік және мәдени инфрақұрылымды дамыту мақсатында жоспарлы түрде, кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқанына куә болып жүрміз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық диалог пен азаматтық жауапкершіліктің маңызын ерекше атап өтіп, Жаңа Қазақстанды тек билік емес, бүкіл халық болып бірлесе құру қажет екенін нақты айтты. Әрбір азамат ел тағдырына бейжай қарамай, реформалардың белсенді қатысушысына айналуы тиіс деген маңызды үндеу жасалды.

Қорыта айтқанда, уақыт кестесі тығыз Мемлекет басшысының мерзімді басылымға берген бұл сұхбаты жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқан Қазақстанның айқын келбетін, мемлекеттің халық алдындағы жауапкершілігін және ортақ мақсатқа негізделген даму философиясын көрсететін маңызды саяси мәлімдеме болды.

Президент белгілеген бағыт елдің тұрақты дамуы мен ұлт болашағына бастайтын сара жол. Осы жолда бірлесе еңбек ету баршамыздың азаматтық борышымыз.

Парламент Мәжілісіндегі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі ретінде Мемлекет басшысы көтерген бастамаларды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету, әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру, мәдениет пен білім саласын дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру біздің де басты міндетіміз болмақ.

**Жанарбек ӘШІМЖАН,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

**Ежелгі грек мифологиясында Элида елінің патшасы Авгий деген болған. Бір өзі әкесінен қалған есепсіз көп жылқы ұстаған екен. Әке малының қадірін бала түсіне беруші ме еді?! Авгий өзінің сәйгүліктері тұрған атқорасын отыз жыл тазаламаған. Қора-қопсының ластанғаны сонша, гректің бас батыры Гераклдың араласуына тура келіпті...**

# ЖАУАПКЕРШІЛІК жалпыға ортақ

Президенттің «Turkistan» газетіне берген сұхбатын оқығаннан кейін өз ойымды ортаға салмақпын. Қасым-Жомарт Тоқаев мұнда сіз бен біз күнде көтеріп жүрген сұрақтарды жіті білетінін және түсінетінін аңғартады. Қойылған сұрақтарға тереңдемей, нақты жауап беруге тырысқан. Біріншіден, халықтың қалтасына коммуналдық төлемдердің бата бастағаны рас. Ал оған не себеп? Басты түрткі – энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарының қолға алынуы. Президент бұл тұста дәл осы біздің Үкіметтің осы уақытқа дейін «Авгийдің атқорасын» тазалауға асықпағанын мысалға келтіреді. Оның орнына «ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу» сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. «Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті», – деп ашығын айтады. Коммуналдық тарифтерді төмен ұстағанның кесірінен оның қызығын олигархтардың көріп келе жатқаны рас. Себебі мемлекеттен миллиардтап субсидия алады. Ал инфрақұрылымға көк тиын шығармайды. Бұл мәселеге мемлекет араласқалы бері «қызыл» аймақта тұрған жылу электр стансыларының саны 19-дан 10-ға дейін азайыпты.

Биыл экономикамыздың 6 пайыздан асқанын білесіздер. Рас, ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллардың межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл аймақтағы үлкен рекордтық көрсеткіш. Егер өсім дәл осылай болса, неге халықтың жағдайы жақсарып кетпейді, неге ол қарапайым қазақтың дастарқанынан сезілмейді деген саналы сауал туындайды. Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында бұл мәселеге қатысты елдегі инфляция деңгейінің жоғары екенін айтты. Салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр деді. Мемлекет басшысы алдағы жылы Үкімет пен әкімдерге халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін орасан зор жұмыс күтіп тұрғанын ескертті.

Президент Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеуді тапсырған еді. Үкімет жұмысқа қарбалас кірісіп, заң жобасын әзірледі. Ашығын айту керек, Салық кодексі ел ішінде қызу талқы тудырғанын білесіздер. Бір ғана мысал, осы кодекс жобасын қарау кезінде 5 000-ға жуық ұсыныс пен өтініш келіп түскен екен. Тіпті 2024 жылы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Салық кодексін әзірлеу барысына көңілі толмайтынын айтқан. Кейіннен Үкімет қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынғанда, Мемлекет басшысы оны 4 пайызға төмендетуді тапсырды. Сонымен көп талқыланған заң мақұлданып, күшіне енді. Бірақ бұл мәселеге Президент әлі де мұқият қарап отыр. Себебі өзі берген сұхбатында министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көреміз деп түсіндірді.

Енді сандар сөйлесін. Былтыр экономикамыздағы басымдық берілген салаларды дамыту үшін жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын құжаттарға қол қойылды.

Заңсыз активтерді қайтарғанның арқасында елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге тұратын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның ішінде 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылуда. Заңсыз активтерді қайтару комитеті жұмысын тоқтатқанымен, құзырлы органдар бұл істі әрі қарай жалғастыра беретіні белгілі болды. Сұхбатта Президенттің аузынан активтері күмән тудырып, күдікке ілінген адамдар сомасы бес триллион теңгеден астам қаражат көлемінде елге инвестиция құятынын білдік. Бұған арнайы келісімдер жасалыпты. 2025 жылы 254,5 мың оқушыға арналған 194 мектеп пайдалануға берілді. Ауылдарға барсаңыздар, сол мектептер өңірлердің көркін ашып тұр. Соңғы жылдардағы инфрақұрылым қарқыны үшауысымды мектептер санын 4 есе, апатты мектептерді 2,5 есе, орын тапшылығын 4 есе қысқартуға мүмкіндік берді. Бұл енді бір үлкен қаланы бастан-аяқ тұрғызғанмен бірдей жұмыс. Қала демекші, алдағы жылдары еліміздің жасанды интеллект дәуіріндегі жарыста шаң қауып қалмауымыз үшін Алматыда «Alatau City» қаласының құрылысы басталды. Біздің бұл салада алар асуымыз аз емес. IT-ді азық қылған қара домалақтарымыз көбейіп келеді. Бір ғана AI-Sana бағдарламасы аясында 650 мыңнан астам студентіміз білім алды. Робототехника құрастырудан қазақ жастары 4 рет әлем чемпионы болғанын да ұмытпауымыз керек.

Сонымен, биылғы жыл ел үшін саяси өзгерістерге толы жыл болмақ. Алда референдум. Президент атап өткендей, осы референдумда жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасауымыз мүмкін. Президент сұхбатында «Тоқаев референдумды Парламент төрағасы лауазымын мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең басты лауазымға айналдыру үшін ғана өткізбек» деген алыпқашпа әңгіменің нүктесін қойды. Мемлекет басшысы Қазақстанның президенттік басқару үлгісіндегі мемлекет болып қала беретінін тағы бір рет айтты. Тіпті жекебастың қамын күйттеп, мемлекеттік жүйені тұтастай өзгерте салу барып тұрған жауапсыздық, тіпті адамгершілікке жатпайтын әрекет екенін ескертті.

Ең бастысы, Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі реформалар үшін Мемлекет басшысы ретінде жауапкершілікті өз мойнына алатынын айтты. Меніңше елдің жүгін бір ғана адам көтермеуі керек. Ел болып дәл қазіргі аласапыран, алмағайып заманда игі бастамаларды қолдауымыз тиіс.

**Ерқанат КӨПЖАСАРҰЛЫ,**
**журналист**

**Бір әулеттің ғана емес, тұтас бір дәуірдің куәсі болған Қалиша Қоңыркұлжанова ғасыр жасын туған-туысы, бала-шағасы, немере-шөбересі мен құда-жекжатының ортасында қарсы алды. Талдықорған қаласында тұратын абыз ана жүз жасқа келсе де, еңсесін тік ұстап, байыппен сөз саптап, ақ батасын арнаудан жаңылған емес. Оның әрбір сөзі - көргені көп ғұмырдың, сабыр мен төзімге суарылған өмір жолының айғағы.**



Сарби ӘЙТЕНОВА

# Бір шаңырақта ҮШ БЕЛЕС

Қалиша әженің жүзжылдық ғұмыры – бір әулеттің ғана емес, бірнеше буынның тағдырын тоғыстырған үлкен өмір мектебі. Осы мерейлі белеспен қатар, бұл шаңырақта тағы бірнеше тағылымды дата тұспа-тұс келіп отыр. Абыз ананың ұлы Қабен Нүкенов сексен жасқа толса, келіні Айтжамал Ерқожанова жетпіс беске келді. Ал ерлі-зайыптылардың бір шаңырақ астында тату ғұмыр кешіп келе жатқанына елу бес жыл толды.

Қалиша әженің балалық және жастық шағы ел басына қара бұлт үйірілген отызыншы жылдармен тұспа-тұс келді. Аштық жайлаған сол кезеңде жұрт бір үзім нанды бөлісіп жеп, аман қалудың жолын іздеді. Кейін соғыс басталып, ер-азаматтар майданға аттанды. Елде қалған әйелдер мен балалардың иығына ауыр жүк артады. Жеңіс келгенімен, соғыстан кейінгі жылдар да жұртқа жеңіл соққан жоқ. Көп отбасы жақынынан айырылып, ел ұзақ уақыт бойы ес жия алмады. Осындай зобалаң жылдарда Қалиша әжей өмірден мойымады. Үнсіз еңбек етті, шаңырағын сақтады, ұрпағын өсірді. Сабыр мен төзім оның өмірлік серігіне айналды.

1946 жыл кейуананың өміріндегі ең ауыр кезеңдердің бірі ретінде есте қалды. Сол жылы жалған жала жабылып, жұбайы Нүкен Қоңыркұлжанов тұтқындалды. Ол заманда адам тағдыры бір жапырақ арызбен шешілетін. Шындықты тыңдайтын да, әділдікке араша болатын да ешкім болмады.

Нүкен Қоңыркұлжанов ауыл ішінде абыройлы, елге сыйлы жан болды. Обуховка ауылындағы «Қызыл Жұлдыз» ұжымшарында інісімен бірге қой бақты. Қолы ашық, жүрегі кең, жетім-жесірге көмектесуді азаматтық парыз санаған. Ауыл адамдары оны ақыл сұрайтын, сөзін тыңдайтын жан ретінде білетін. Алайда сол кездегі қасаң саясатта дәл осындай бедел мен белсенділік күдікке ілініп, айыптауға себеп болды. Осы оқиғадан кейін Қалиша әжей бес бірдей баламен – Қабен, Батимахан, Әлимахан, Төлеухан, Айгүлмен жалғыз қалды. Жастығына қарамай, бар ауыртпалықты мойнына алды. Көз жасына ерік беруге уақыт болмады. Балаларды асырау, аман сақтау қажет еді.

Ұжымшардың қара жұмысынан қол үзген жоқ. Ол жылдары егін техникамен емес, қолмен жиналатын. Әйелдер таң атпай егістікке шығып, қара кешке дейін еңбек етті. Кейде бес шақырым жердегі фермаға барып, сиыр сауып, қайтадан дала жұмысына кірісетін. Аштықтың азабын тартқан күндер де аз болмады. Кейде бір уыс бидайды жасырып әкеліп, сол дәннен бірнеше күнге жететін ас әзірлейтін.

– *Нан табу арманға айналған қиын тіршілік 1957 жылдарға дейін созылды,* – деп еске алады әжей.

Ол балаларына әрі ана, әрі әке, әрі тірек бола білді. Арада он бес жыл өткенде Нүкен Қоңыркұлжанов елге оралды. Алайда бұл қуаныш ешқандай дабырасыз өтті. Көрмеген қасірет, тартпаған мехнат жоқ еді. Отбасы қайта қауышты, бірақ бастан өткерген ауыр күндер жүректе мәңгі сақталды. Бұл – бір әулеттің ғана емес, тұтас бір дәуірдің шындығын айқындайтын тағдыр болатын.

1971 жылы Нүкен Қоңыркұлжанов өмірден өтті. Өкінішке қарай, ол өзіне тағылған жаланың бір күні ақталатынын көре алмады. Оның жазықсыз екені ресми түрде тек 1989 жылы ғана белгілі болды. Бұл хабар отбасына күтпеген жерден, ешқандай түсініктемесіз жеткен. Бүгінде балалары мен немере-шөберелері архивтерден дерек іздеп, әке мен атаның адал есімін сақтау жолында еңбек етіп жүр.

Қандай қиындық болса да, бұл әулет тағдыр сынын абыроймен еңсерді. Балалар өсіп, білім алып, елге сыйлы азамат болып қалыптасты. Бүгінде Қалиша әжей балаларының, немерелері мен шөберелерінің ортасында, үлкен құрметке бөленіп отыр. Олар үшін ол – жай ғана әже емес, әулеттің рухани тірегі, мейірім мен жылылықтың бастауы.

* * *

Анасының ғасырлық тойымен қатар келген бұл мерейлі сәтте Қабен Нүкенов те 80 жасқа толды. Ол – ұзақ жыл мемлекеттік қызметте еңбек етіп, халыққа қызмет етуді өмірінің басты мәніне айналдырған азамат.

Қабен Нүкенов 1946 жылы Алакөл ауданына қарасты Обуховка ауылында дүниеге келді. Мектеп жылдары тың игеру науқанымен тұспа-тұс келіп, жасөспірім шағынан ауыл еңбегіне араласты. Егістік, ферма, шаруашылықтағы түрлі жұмыс оның мінезін шыңдады. Еңбекпен өткен балалық пен жастық шақ болашақ өмір жолына берік негіз қалады.

1963 жылы мектепті бітіріп, 1965-1968 жылдары Белоруссияда Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеді. Әскер оның өмірінде тәртіп пен жауапкершілікке баулыған үлкен мектеп болды. Кейін Талдықорған ветеринариялық техникумын, Алматы зооветеринариялық институтын тамамдады.

Еңбек жолында сөзі мен ісі бір жерден шығатын, талапшыл әрі іскер маман ретінде танылды. 1989 жылы ауылдық партия комитетінің хатшысы, ауылдық кеңестің төрағасы болса, 1993 жылдан бастап Жайпақ ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды. Бұл жылдар тоқсаныншы жылдардың ауыр кезеңімен тұспа-тұс келді. Қаржы да, техника да жоқ шақта ауылдың бар тіршілігі әкімнің мойнында болды. Сол жылдары өз диірменін іске қосып, кеңшар тарағаннан кейін де мехток пен токарь цехын сақтап қалды. Қоғамдық қор құрылып, ауылдың экономикалық негізі сақталды.

Ауыл әкімі бір мезетте агроном да, су маманы да, есепші де болды. Мектеп пешпен жылытылды, көмір мен жарық жетіспеді. Көмірді қантқа айырбастауға тура келді. Әр үймен жеке сөйлесіп, «Бұл – өз балаларың оқып жүрген мектеп» деп түсіндірді. Осылайша мектеп қыстан аман шықты.

Сол кезеңдерді мектеп директоры Бақтай Стамбеков әлі күнге дейін еске алады. Аудан әкімінің жиынында қантты көмірге айырбастау мәселесі көтерілгенде, Қабен Нүкеновтың беделіне сүйеніп, аяғының жарақатына қарамастан жиынға келуін өтінген. Сол кезде біреудің: «Мына батырға қант беріңдер», – деген сөзі сол дәуірдің шындығын аңғартты да...

Бүгінде Жайпақ ауылы жаңарып, жанданған. Мектеп жөнделді, жолдар салынды, әлеуметтік нысандар бой көтерді. Қабен ағаның айтуынша, мұның бәрі халықтың туған жерін тастамай, ауылды сақтап қалғанының нәтижесі.

Өмір жолында аға буынның тәлімі ерекше рөл атқарды. Ерғали Жадраев, Нұрғали Мекебаев, Қиықбай Ниязов сынды ақсақалдардың сабыры мен адамдығы оған өмір бойы үлгі болды. Ал достыққа адалдық – оның болмысының тағы бір қыры. Жарылқасын Аханов, Қуаныш Иманқұлов, Келіс Бутунчиновпен арадағы сыйластық жылдармен сыналды.

1970 жылы Қабен Нүкенов Айтжамал Ерқожановаға үйленіп, шаңырақ құрды. Ғалым, Ербол, Раушан, Нұрбол, Риза, Рысты атты ұл-қыздарының барлығы жоғары білім алып, өмірден өз жолын тапты. Бүгінде немерелері ержетіп, шөберелері өсіп келеді. Айтжамал апай – нағыз қазақ келінінің, ибалы ананың үлгісі. Отбасының берекесін бәрінен биік қойып, үнсіз еңбегімен шаңырақтың тұтастығын сақтап келеді.

Қабен Нүкеновтың өміріндегі ең қастерлі марапат «Алакөл ауданының Құрметті азаматы» атағы. Бұл – ол үшін жай ғана марапат емес, қиын жылдары ел сенімін ақтаған еңбегіне берілген баға.

Ол – жан-жақты, ізденістен жалықпайтын адам. Қызметі қаншалықты тығыз болса да кітапты серік етті. Жастық шағында мектеп пен аудан кітапханаларындағы әдебиеттің басым бөлігін оқып шыққан. Жеке кітапханасында тарихи құндылығы бар еңбектер мол. Тарихқа деген осы қызығушылық оны жерлесі, ақын Арап Әмірұлының мұрасын зерттеуге жетеледі.

Кейіпкерімізден өміріндегі ең қымбат дүние не деп сұрағанда, ол: – *Адамдармен жұмыс істеу, елге қызмет ету,* – деп жауап берді.

Қалай десек те Қалиша Қоңырқұлжанова әженің ғұмыры, Қабен Нүкеновтың еңбек жолы, Айтжамал Ерқожанованың отбасындағы орны – сабыр, еңбек және адамдық құндылықтардың тұтас көрінісі. Бұл әулеттің өмір жолы – ұрпаққа аманат, елге өнеге.

# Халық қалауы ГАЗЕТ пе, ГАДЖЕТ пе?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы біз оқудан кенжелеп тұрмыз. Бұл ащы шындық. «Дамыған ел кітап, газет оқиды, дамушы ел теледидар қарайды, интернет парақтайды» деген әңгіме бар батыстық әлеуметтанушыларда. Сенесіз бе? АҚШ-та бір кітап жүздеген миллион тиражбен оқырманға жол тартады. Мәселен, 2018 жылы Дж К. Роулингтің «Гарри Поттер және пәлсапалық тас» кітабы 500 млн. тиражбен сатылған. Бізде ше? Дөп айту қиын. Бір анығы, тәуір деген кітаптың өзі 2000 төңірегін айналшықтайды. Өйткені оқырманы жоқ кітап қайдан миллиондап басылсын? Қазір ақпараттың дәуірі. Интернет дегенің сұрағанды тауып береді. Айтар уәжіміз осы. Ал сандық технологияның «әкесін» шығарып жатқан Жапония кітап оқудан әлемде ешкімге есе жібермейді. Неміс жазушысы Лион Фейхтвангер: «Көркем әдебиет пен газет-журнал жас баланы саяси қайраткерге дейін тәрбиелейді» деген еді ғой. Олар соны ескерсе керек. ЮНЕСКО жанындағы статистика институтының мәліметі бойынша, әлемде адам басына шаққандағы кітапханасының көптігі жөнінен Грузия көш бастап тұр. Бұл елде 1 мың адамға шаққанда 16 335 кітаптан келеді екен. Алғашқы ондықта бұрынғы Кеңес одағы елдері ішінен Армения, Эстония, Литва елдері де бар. Кітап қоры жөнінен Қазақстан әлем бойынша 41-орында тұр. Еліміздегі әрбір мың тұрғынға 249 кітаптан келеді екен. Бұл да жаман емес. Бірақ соны оқитын оқырман аз!

Соңғы рет қашан кітап оқыдыңыз деп беймаза күйге салмайық. Қашан газет оқыдыңыз? Үйіне тұрақты газет келетін кісілер күнде оқыр, ал газет келмейтін шаңырақтар бар. Олардың ақпараттық сусыны әлемжелі һәм ғаламтор. Еуропада газет оқудың әсері таразыланған әлеуметтік психологиялық тәжірибе жүзеге асыпты. Нақты айтқанда, Германия мен Ұлыбританияда жүргізілген ұзақмерзімді зерттеулерде белгілі бір әлеуметтік мәселелер жөнінде газет оқитын және оқымайтын есесіне, әлеуметтік желіге телмірген адамдардың көзқарасы салыстырылған. Газет оқырмандары эмоцияға емес, дәлелге сүйеніп пікір білдірген, ал күрделі қоғамдық мәселелерде ұстамды әрі байыпты позиция ұстанған. Ал әлеуметтік желіге телміргендер керісінше әрекетте болған.

«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» әлеуметтік желіні әлі де қорғаушысыз ба? Дәл осындай сипаттағы ғылыми тәжірибелер әлемнің төрт бұрышында да жүргізілген. АҚШ-та Гарвард, Стэнфорд, Колумбия университеттері жанындағы медиа-зерттеу орталықтарында ақпаратты газеттен және әлеуметтік желіден оқу салдарын саралапты. Тәжірибеге қатысушылар 2 топқа бөлінген. Бірінші топ белгілі бір уақыт аралығында тек әлеуметтік желі арқылы жаңалық тұтынған, ал екінші топ күнделікті газет оқыған. Эксперимент соңында екі топқа бірдей қоғамдық-саяси тақырыпта сұрақтар қойылып, талдау тапсырмалары берілген. Нәтижесінде газет оқыған топтың ақпаратты есте сақтау деңгейі, фактілерді ажырату қабілеті және себеп-салдарлық талдауы жоғары болған. Олар жаңалықты контекстпен, тарихи және әлеуметтік байланыста түсіндірген. Ал әлеуметтік желіге сүйенген топта ақпарат үзік-үзік, эмоцияға негізделген түрде қабылданғаны байқалған. Көп жағдайда тақырыптың мәнінен гөрі айқайлы тақырыпша мен пікірлерге назар аударылған.

Мұндай тәжірибелерді Ұлыбританиядағы Оксфорд университеті, Финляндия мен Швециядағы зерттеу орталықтары, халықаралық Reuters Digital News Report, OECD, UNESCO ұйымдары да жиі жүргізіп тұрады. Бұлардың ортақ тұжырымы мынау – әлеуметтік желі қолданушыларында ашу, үрей, агрессия секілді эмоциялар жиірек байқалған, себебі желідегі контент алгоритм арқылы әдейі эмоция қоздыратындай іріктеледі. Ал газет оқырмандарында эмоциялық тұрақтылық басым болып, ақпаратқа салқынқандылықпен қарау үрдісі анықталған. Сондай-ақ, қоғамдық пікірге бейімделу деңгейі де салыстырылған. Әлеуметтік желі тобы көпшілік пікіріне тез еріп, трендке бейім болған. Газет оқығандар жеке көзқарасын сақтап, пікірін дәлелдеуге ұмтылған.

Жуырда Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне көлемді сұхбат берді. Сонда Қ. Тоқаев: «Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады», – деген еді. Мұнымен келіспеске лаж жоқ. Бір мысал, әлеуметтік желіде қамшы өрудің тәсілі таразыланған бір контент және қала көшесінде келіншегін қамшымен сабалап қуған жігіттің әрекеті анық көрінген тағы бір контент шықты делік. Қамшы «кейіпкер» болған қос контенттің ішінен сабалған келіншектің видеосын әлсін-әлсін жарыққа шығара береді. Себебі, әрбір желі тұтынушы біріншісін емес, екіншісін бір емес бірнеше мәрте қарап, оның астына пікір білдіріп отырады. Ал, ата-бабаның сан ғасырлық қалыптасқан қамшы өру дәстүрі бірлі-жарым адамның ғана назарына ілігеді. Әлемде жүргізілген әлеуметтік тәжірибелер тұрақты осындай сарындағы ақпараттан сусындаған жандардың рухани өспейтінін дәйектеуде.

Президенттің тағы бір сөзіне құлақ түрелік, сол сұхбатта Мемлекет басшысы: «Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын», – деді. Мемлекет басшысының сөзін мысалға келтіргенде газет журналистерінің беделін арттырып, онсыз да құрметке лайық «арқалағаны алтын, жегені жантақ» тілшілердің абыройын көтеру деп ойламаңыз. Бірақ, олардың еңбегінің елеулі болуын қамтамасыз етуші оқырманы, оның көп болғаны керек. Осы ретте заңды бір сұрақ қылаң береді, әлеуметтік желінің зияны, қағаз басылымдардың құндылығы туралы біле тұра газет неге оқылмайды? Мерзімді басылымдарда жылына бір не екі келетін науқан бар. «Баспасөзге жазылу» деп аталады өзі. Қазіргі газетшілердің артынып, тартынатын уақыты, ал бюджеттік мекемеде жұмыс істейтіндердің тыжырынатын кезі. Газетші «оқырманым – орманым» дейді. Бірақ, сол орманның әлеуметтік желіге мойын бұрып тұратын әдеті. Сонымен, газет неге оқылмайды?

Таразыласақ, газет – тауар. Алты айға немесе 1 жылға жазылған оқырман тауарының сапалы һәм уақытында жеткенін қалайды. Қазіргі газеттер сапасыз деп айта алмаймыз. Ұлт ұстазы Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» тұжырымынан төмендеген жоқ. «Мұқағалиді ез еркек» еткен, «Шешені баласын тастап кеткен» әйел қылған, домбыра сындырған, мемлекеттік құндылықтарды қор еткен желідегі парақшалар болды. Бірақ, газет бетіндегідей ұлтты ұлықтап, мемлекеттілікті дәріптеуден озған өзгесі жоқ. Өзі тауар қалпында. Дейтұрғанмен, тауардың кешігуі мінберден жиі бас көтерер мәселе болып тұр. Алтайды әнге қосқан Жамал апайды да қартайтқан мәселе «Қазпошта» АҚ-да болып тұр. Шалғай ауылдағы кей оқырман газетті жиып жеткізетінін базыналап, редакциямызға да жиі хабарласады. Шешімін табуға тырысып та жүрміз. Газет шығарушы мен оқырман арасындағы делдал. Сол үшін қызметақысын алып та отыр. Ортадағы делдалдың сиырқұйымшақ мәселесінен бас тартып, басқа газет таратушы іздегенмен, таппаймыз. Себебі «Қазпошта» АҚ Қазақстан бойынша мұндай қызметті жүйелі жүзеге асыратын жалғыз мекеме. Жалғыз монополист.

Кезінде, интернет бас көтермеген кезде «Сен+Мен», «Демалыс», «Екеудің құпиясы», «Қызық газет» атаулы басылымдарды талай жұрт ермек қылды. Болмағанды болдырып, езуден су шұбыртқан бұл басылымдарды ғылыми тілде «Сары басылымдар» атайды. Былай айтқанда «өтірікті Құдай ұрғандай» жазатын. Қазір «өсекші газеттер» жоқ. Дәурені өтті. Оның орнын ғаламтор мен әлеуметтік желі басты. Қалтафонды қолға алып, бүгін кім-кімнен ажырасқанын, кім-кімді соғып, кім бұзақылық қылғанын біліп отыруға болады. Өтірік-шыны аралас. Мәселен, 2025 жылдың басты тақырыбы «жұлдыздардың ажырасуы» болды. Шындық болар, жалған болар әлеуметтік желі мен интернет шулағанмен, қағаз баспа бұл жайында ләм демеді. Себебі, ажырасу – қоғамның басты жауы. Құдай алмағанды адам алып, әкесі тірі бола тұра, балалардың тірі жетім өсуі қоғамның кесірі. Қоғамға һәм мемлекетке кесірі тиетін тақырыпта газет жақ ашпайды. Қайта осы кеселді емдеуге күш салады. Одан кейінгі мәселе – қоғамда талқыланбауы тиіс бір отбасындағы тақырыптың жарыққа шығуы. Әлеуметтік желіде шаңырақты шайқалтқан отағасының әрекеті бүге-шігесіне дейін айтылып кетті. Бір қарағанда қалыпты жай болуы мүмкін. Бірақ, «үйдегі әңгімені сыртқа, сырттағы әңгімені үйге тасыма» тәлімін алған қоғам үшін бұл ерсі жайт. Айтпақшы, жоғарыда айтқан «сары басылымдарды» батыста «сары бала» атайды. Ал біздің жаймен салыстырғанда әлеуметтік желі «Балалы үйде ұрлық жатпас» дегенді айғақтайды. Өйткені, бүгінгінің «сары басылымы» блогер, әлеуметтік желі болып тұр. Ал мерзімді басылымдар отбасылық құндылықты дәріптейді.

Қоғамның әрбір мүшесін әлеуметтік желіге телміртірген смартфон. Ғалымдар қалтафонның көп зияны барын айтып дабыл қаққалы қашан?! Сөздеріне сенсек, ондағы көзге көрінбес сан толқын атауын айтпас аурудың ошағы екен. Бөлінген улы элементтерді қосыңыз. Смартфондағы Whatsapp, Instagram, TikTok жұтылып жатқан сананы одан әрі улауға көшті. Көпшіліктің назарына жақсы сурет саламын деп кей желіккен таудан құлауда, үйден құлауда. Арыстанның араны, акуланың аузында кеткенін тағы санаңыз. Әлем бойынша «селфи» дертіне ұшырап, қанша адам қаза болды? Оны қоя беріңіз, қалтафон біздің «он үшінші» дене мүшемізге айналды. Жанымыздан тастамаймыз. Далада да, қалада да, үйде де, дастарқан басында да, әжетханада да жанымызда. Әжетханадан шыққанда қолымызды жуамыз, смартфонды емес. Сол құрылғыны қайта ұстап дастарқан басына отыратынымызды қайтерсіз.

**Айтпақшы, қазіргі көп жас iPhone ұстайды. Оның құны миллионға жуық. Баламыздың, өзіміздің рухани әлсіреуімізге, Президент айтпақшы, «жасы қырыққа жетсе де білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азамат» етуге әсер етіп жатқан қымбат смартфондарды сатып аламыз да «дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып» жүрген газеттерге жазылуды қымбатсынамыз.**

Жаңа айдар: ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ ЖАЛЫНДАП...

# ТОПЫРАҚСЫЗ БИДАЙ ӨСІРГЕН



Жер жаннаты Жетісу өңірінде алақандай ғана ауылда туып, дара дарынымен алты Алашты аузына қаратқан, шетелді мойындатып жүрген жастар жетіп артылады. Осыған орай біз «Жастықтың оты жалындап...» атты айдарымыз арқылы талаптың атын мінген жерлестерімізді оқырманға жақыннан танытуды жөн көрдік. Айдардың алғашқы кейіпкері – топырақсыз бидай өсіріп, тонналап өнім алған биотехнолог Мағжан ЫСҚАҚОВ.



Айдар ҚАЛИЕВ





### Целлофанда көктеген өнім

Жері құйқалы, өрісі кең Кербұлақ ауданының Қарашоқы ауылында голландиялық гидропоникалық әдіспен топырақсыз-ақ бидай өсірілетінін біреу білсе, біреу сенбес. Нанбайтындар, «онсыз да жеріміз ұшрайлы ғой» деуі не ұшқан құстай қарыштап дамыған жаңа технологияның әлеуетіне сенбеуі бек мүмкін. Бірақ, қысы-жазы көк шөп күйсеген малдың күйлі болатыны бесенеден белгілі. «Мал азығы – жан азығы» деген тәмсіл тағы бар. Осы мәселені 7-сыныптан бастап бүге-шүгесіне дейін зерттеп, ғылымның қия жолына түскен жас талап жаңа технологияны алғаш ауылға әкелді. Аграрлы аймақта туып-өскендіктен Мағжан көзін тырнап ашқаннан жер емген егіншілікпен, атам заманнан дәстүрлі мал шаруашылығы қолайына жаққан атакәсіппен етене таныс. Әкесінің жеке шаруа қожалығы болғандықтан ауыл шаруашылығындағы қиындықтарды да, мүмкіндіктерді де көріп өскен.

Кейіпкерімізге топырақсыз бидай өсіру ойы алғаш 7-сынып оқып жүргенде келіпті.

*– Бірде жаңбырдан кейін целлофанның үстінде топырақсыз өніп шыққан бидай дәндерін байқадым. Осы сәтте «өсімдікке міндетті түрде топырақ керек пе?» деген сұрақ туындады. Бұл ойым кейін үлкен ғылыми ізденіске ұласты,* – дейді биотехнолог.

Мағжанның сол кезден бастап биология пәніне ерекше қызығушылығы артыпты. Әсіресе, тірі ағзалардың бейімделуі, өсімдіктердің өсу механизмін терең зерттеуді мықтап қолға алады. Орта мектепті аяқтаған соң, Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Биотехнология» мамандығына оқуға түседі.

Ойлағанын жүзеге асыруға ауылға тараған арпа ауруы, шығынға батқан шаруалардың жағдайы сеп болыпты.

*– Өнімін шашау шығармай жинайтын шаруалардың көбі арпа ауруының кесірінен егістік алқабынан еңсесі түсіп қайтқанын көріп, нақты шешім іздеуге кірістім. Дәнді дақылдардың ішкі құрылымын, эндосперм қабатын, қоректік ортасын зерттей бастадым. Алғашқы тәжірибемді әкемнің шаруашылығында жүргіздім,* – дейді ол.

### Түйірлеп егіп, тонналап алған

Кейіпкеріміз алғашқы қадамын сәтті бастап, биологиялық жемді голландиялық гидропоникалық технология арқылы бір аптада өсіріп шығарады. Яғни, дәнді дақылдарды топырақсыз арнайы пластик науада тамырландыру әдісі арқылы орналастырып, жиі суарады. Маңыздысы – бидайды қараңғы ортада өсіру керек екен. Сонда ғана қалыпты жағдайда 18 күнде өсетін бидай, 7 күннің ішінде биологиялық жемге айналады. Жас талант ә деп бастағаннан-ақ 16 шаршы метр аумақтан 1 тонна бидай жемін алып үлкен жетістікке қол жеткізеді. Бұл бидай ірі қара малға арналған биологиялық жем ретінде қолданылғанмен, ғылыми тұрғыда дәлелденген құнарлы өнім. Оның артықшылығы – мал тез салмақ жинап, химиялық қоспасыз өнім төрт түліктің ас қорыту жүйесіне жеңіл болуында.

Небары бір-ақ аптада осындай пайдалы өнім шығару мүмкін бе деп дақылдың сапасына күмәнданып отырған шығарсыздар. Осы тұрғыда: «Бұл қаншалықты дәлелденген, топырақсыз өскен бидайды жеп өскен малдың еті зиян емес пе?» деген сұрақтың туындауы заңдылық. Десе де бұл мәселені кейіпкеріміз назардан тыс қалдырмапты. Халыққа дәлелдеу мақсатында арнайы тексерістен өткізіпті.

Аталмыш жеммен қоректенген малдың еті Қазақ тағамтану академиясында зерттеліп, мемлекеттік «Алтын сапа» стандартына толық сәйкестігі дәлелденген. Яғни, таза табиғи өнім екені расталған. Сонымен қатар, Мәскеудегі арнайы зертханадан да оң баға беріліпті. Зерттеу нәтижесінде жем құрамында кальций, фосфор, Е витамині, биотин, мырыш және магний барлығы анықталған. Яғни, бұл – жеті күнде өсетін жемнің малға зиянсыз әрі денсаулығын жақсартатынына дәлел.

### «Шетелге сатпадым, шәкірттерімді баптадым»

Шаруалардың қиналғанын көрген ізденімпаз жас ауыла алтын бесігіндегі ағайынға қолдау көрсетіп, тың жобаны 40 шақты адамға тегін үйретеді. Сөйтіп, ұзынсары мезгілде уыз жеген жұрттың ыстық ықыласына бөленеді. Бүгінде 10 шаруашылық қолдағы малын осы әдіс бойынша асырап отыр екен. Ал 2017 жылы Алматы облысы әкімінің грантын ұтып алып, мектеп жанынан зертхана ашып, бидайдың 8 сортын өсіреді. Сондай-ақ, бұл әдіс тек бидайға ғана емес, арпа, бұршақ, жасымық секілді басқа да дәнді дақылдарды жайқалтуға жарай беретінін дәлелдейді.

*– Ғылыми ізденісті KazGidroBioKorm стартапына айналдырдым. Түркиядағы AgroExpo, Германиядағы Agra Leipzig, АҚШ-тағы Feast on the Farm Gala сияқты халықаралық форумдарға қатыстым. Жобамды көрген шетелдік инвесторлар қызығушылық танытты. Германия, Франция елдерінен жобаны сатып алу туралы ұсыныстар да түсті. Бірақ, сатпадым. Керісінше, ауылдағы ағайынға тегін үйреттім. Сонымен қатар, мектеп оқушыларымен тәжірибе жүргізіп, жастарды ғылымға баулып келемін. Өйткені менің басты мақсатым – тыңнан түрен салған жобаның алдымен Қазақстанға қызмет еткенін қалаймын. Жоба отандық ауыл шаруашылығы саласына жаңа серпіліс әкеледі деген сенімдемін,* – дейді биотехнолог.

Сонымен қатар, шетелдік әріптестермен бірге гидропоникада жасанды интеллект қолдану бағытында зерттеу жүргізіп жатқанын жеткізді. Бұл – болашақта өнімділікті автоматты түрде бақылауға мүмкіндік бермек.

Бүгінде дара дарын ғылыми ізденісін халықаралық деңгейде жалғастырып, Падуа университетінде магистратурада білім алуда.

*– Падуа Еуропадағы ең көне әрі беделді университеттердің бірі, биотехнология мен биология саласындағы зерттеулерімен әлемге танымал оқу орны. Магистратура барысында өсімдік биотехнологиясы, тұрақты ауыл шаруашылығы және заманауи агротехнологиялар бағыттарындағы білімімді тереңдетіп, жобаны халықаралық ғылыми стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік алып отырмын. Менің сенімім – ғылым мен ауыл шаруашылығы бірігіп, ел экономикасының тірегіне айналуы тиіс,* – дейді Мағжан Серікұлы.

Жас таланттың ендігі мақсаты – технологияны өнеркәсіптік деңгейге шығару, Қазақстанды биологиялық жем экспорттаушы елге айналдыру, аграрлық стартаптарға жол ашу. Талабы таудай Мағжанға, елдің ауыл шаруашылығы саласын көркейтуді армандап жүрген азаматқа біз де тілекші болып қайттық.

***Қарашоқы ауылы, Кербұлақ ауданы***



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

# ҚОЮ ШАЙДАҒЫ ҚАУІПТІ ҚОСПА




Еңлік КЕНЕБАЙ

Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өнімдердің сапасы мен құрамына қатысты қатаң талаптар белгіленген. Бұл талаптар тек қана жалпы азық-түлік үшін емес, күнделікті тұтынылатын сусындарға, шайға да қатысты. Жақында еліміздің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысымен шай өнімдерінің құрамынан тыйым салынған заттар табылып, олардың елге алып келуі мен сатуына тосқауыл қойылды. Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы техникалық регламенттері мен санитарлық талаптарына сай, шай құрамында кейбір тағамдық бояғыштар мен қауіпті қоспалар болмауы тиіс. Мамандардың зертханалық талдауы барысында тағамға рұқсатсыз қолданылған жағдайда аллергиялық реакцияларды тудыруы мүмкін тартразин (Е102) анықталған. Енді осы анықталған қоспа туралы кеңінен тарқатып айта кетейік. Мысалы, тартразин көмірді қайта өңдеу өнімдерінен алынатын алтын-сары түсті жасанды тағамдық бояғыш. Осыны тұтынғандықтан кейбір адамда есекжем, Квинке ісігі немесе ринит пайда болуы мүмкін. Аспирин ішкенде аллергиясы бар адам үшін бұл бояу аса қауіпті. Ал понсо (Е124) өнімді бояу үшін пайдаланылатын, оларға тартымды көрініс беретін ашық қызыл немесе қоңыр түсті синтетикалық азобояғыш. Хош иісті көмірсутектерден, көбінесе мұнайдан алынатын бензол қалдықтарынан «Понсо» азобояғышы жасалады. Балалардағы гиперактивтілікке байланысты «Понсо» кейбір елдерде зиянды қосымша саналады. Қолдануға тыйым салынған жасанды сары бояғыш (Е110) мұнай өнімдерінен алынатын синтетикалық суда еритін сары-қызғылт түсті тағамдық бояғыш. Мұны өнімдерге тәбет ашатын түс беру үшін пайдаланылады. Міне, біз күнделікті тұтынып жүрген шайлардан осындай адам ағзасына өте зиянды қоспалар анықталуда. Аталған қосындылар шай өндірісінде қолдануға, Қазақстан мен Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕЭО) техникалық регламентіне сәйкес рұқсат етілмегендіктен, сатуға және импорттауға тыйым салынады. Бұдан бөлек, шай қаптамаларында шай өндірісі мен қапталуында расталмаған мекенжайлар көрсетілген. Демек, бұл шайды шығарып, пайда табушылар заңды белшесінен басып, өз жоспарларын жүзеге асырып, халта қампайтудың ғана қамын ойлап келген.

Жетісу облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті сауда объектілерінде сатылатын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау бойынша жүйелі жұмыс атқаруда.

*– Азық-түлік сатып алғанда, ең бірінші өнімнің таңбалануына назар аударған жөн. Таңбалау мемлекеттік және орыс тілінде жазылуы керек. Анық, түсінікті жазылған таңбалы өнімді ғана тұтынуға болады. Таңбалауда міндетті түрде атауы, құрамы, саны, дайындалған күні мен жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, дайындаушының атауы мен орналасқан жері, пайдалану жөніндегі ұсынымдар және шектеулер, генетикалық түрлендірілген ағзаның болу туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс. Өткізу кезінде тыйым салынған немесе дұрыс таңбаланбаған өнім анықталған жағдайда, бірден санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне, оның аумақтық басқармаларына нақты дәлелдерді көрсете отырып, өтініш жасай аласыз. Сондықтан да алған әрбір заттарыңызға мұқият болыңыздар. Себебі, біз үшін халықтың денсаулығы аса маңызды,* – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Асхат Чарапиев.

Бүгінгі таңда елімізде шай өнімдерінің сапасы мен құрамына қойылатын талап күшейтілді. Егер құрамында қауіп төндіретін немесе техникалық регламент талаптарына сай келмейтін заттар анықталса, сол өнімдердің импортталуына және сатылуына тікелей тыйым салынады. Енді «Апамның шайы Premium gold», «Al-Hayat» Gold, «Балқия Premium gold», «Sultan Suleyman», «Pakistan tea», «Aje Onim», «Al-Jannat Premium», «Alfarah» шайлары санитарлық шаралар негізінде айналымнан шығарылды.

**Халима АСҚАРҚЫЗЫ, Талдықорған қаласының тұрғыны:**

*– Қазіргі шайлардың дәмі жоқ, тек бояу. Бұрынғының шайын табу дегеніңіз өте қиын. Біз бірнеше жылдан бері шай емес, бояу ішіп жүргенімізді мойындауымыз керек. Дүкенге барсаң қызылды-жасылды қораптар көз жауын алады. Соңғы жылдары қалтасы қалыңдар суреттерін жарнамалап, шай шығарып кетті. «Осыған қашан тыйым болар екен?!» деп жүр едім. Мына қаулының шыққанына қатты қуандым. Десе де жауапты мекемелер мықты тексеріс жүргізіп, қатаң талап қоймаса... Ең бастысы – қалтаны емес, халықтың денсаулығын ойлау керек.*

**Гүлжан СЕРІКҚЫЗЫ, сатушы:**

*– Саудамен айналысқаныма 15 жыл болды. Азық-түлік дүкені болғандықтан күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларды сатамыз. Әсіресе, үлкен кісілер қоюлап, дәмділеп шай ішкенді жақсы көреді. Апалардың қонаққа шай апаруы да жазылмаған дәстүр. Қазір дүкенімізде шайдың он шақты түрі бар. Бірақ соңғы жаңалықтарда көрсетілген шайларға тапсырыс беруден бірден бас тарттым. Бұрындары білмедік. Бәрін ала беретінбіз. Енді қалған 5-6 қорап шайды тастауға тура келеді. Не істесек те адал тірліктен ғана мол табыс келетінін ұмытпайық.*





ОҢТҮСТІКТЕН – СОЛТҮСТІК ПЕН ШЫҒЫСҚА

# Ерікті көші-қон: БОЛАШАҚҚА ЖАСАЛҒАН НЫҚ ҚАДАМ

**Еңбек қуаты артық өңірлерден жұмыс күші тапшы аймақтарға халықты ерікті түрде көшіру саясаты соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық теңгерімді қамтамасыз етудің маңызды құралына айналды. Осы бағытта белсенді қабылдаушы өңірлердің бірі ретінде ерекшеленіп отырған ерікті көші-қон бағдарламасы Шығыс Қазақстан облысы үшін демографиялық және әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсер етуде. Бағдарлама алдағы жылдары да өңір үшін маңызды құрал болып қала береді.**

Қажет АНДАС



2023 жылы Шығыс Қазақстан облысына 372 қоныс аударушы (128 отбасы) келсе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 512 адамға (164 отбасы), ал 2025 жылы 525 адамға (144 отбасы) жетті. Бұл деректер өңірдегі еңбек ресурстарына сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. Сол қатарда Жетісу облысынан қоныс аударушылар саны жыл сайын өсіп, 2023 жылы 34 адам, 2024 жылы 46 адам, 2025 жылы 75 адам көшіп келген. Бұл бағдарламаға деген халық сенімінің артқанын білдіреді. Олар Өскемен, Риддер қалаларына және Алтай, Зайсан, Қатонқарағай, Үлкен Нарын, Күршім, Марқакөл, Тарбағатай, Шемонаиха аудандарына орналасып, тіршілік жолына түскен. Басым бөлігі білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік және көлік салаларында жұмыс істейді. Мемлекеттік қолдау олардың жаңа ортаға бейімделуін жеделдетті.

## МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Риддер қаласы Алтай тауларының етегінде, Үлбі өзенінің бойында орналасқан. Өнеркәсіп пен мәдениеттің ірі орталығы саналатын қала металл өндіру және пайдалы қазбаларды өңдеу салалары арқылы өңір экономикасына елеулі үлес қосып келеді. Облыс орталығы Өскеменнен 120 шақырым жерде орналасқан Риддерге автокөлікпен де, теміржолмен де қатынауға болады.

Шамамен 50 мың тұрғыны бар қалада мектеп, балабақша, колледждер, Мәдениет сарайы, кітапханалар, мұражай және Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы орналасқан. Спорт инфрақұрылымы да жақсы дамыған қалада 70-тен астам спорт нысаны, бассейндер, спорт залдары мен стадиондар бар. Денсаулық сақтау саласында ауруханалар мен жеке медициналық орталықтар халыққа қызмет көрсетуде.

Қаланың табиғаты туризмге қолайлы. Қыс мезгілінде тау шаңғысы мен қысқы демалыс түрлері, жазда жаяу серуен, балық аулау мен белсенді туризм кең дамыған. Қала маңында бірнеше демалыс базалары жұмыс істейді.

Бүгінде Риддерге халықты қоныстандырудың негізгі тетігі – ерікті қоныс аудару бағдарламасы. «Серпін» жобасы аясында қоныс аударушыларға көшуге және тұрғын үй жалдауға арналған субсидиялар, сондай-ақ экономикалық ұтқырлық сертификаты ұсынылады. 2025 жылы бұл бағдарлама арқылы 17 отбасы (52 адам) көшіп келген, оның ішінде қандастар да бар.

Жалпы, Риддер тұрақты жұмыс, қолайлы тұрмыс пен жаңа мүмкіндіктер ұсынатын қала. Мемлекеттік қолдау мен дамыған инфрақұрылым өңірге қоныс аударушылар санының артуына жол ашып отыр. Мұнда Жетісудан 3 отбасы көшіп келіп, қоныстанып, тынысты тіршілігін бастап кетіпті. Қалалық «Мансап» оталығының маманы Аяулым Жанпейісова жерлестерімізбен жүздестірді.

**Ержан Бескенбаев пен зайыбы Жанар Алтынбекова** бұған дейін Талдықорған маңындағы «Үйтас» саяжайында тұрып, кейін туыстарының кеңесімен олар Риддер қаласына көшіп, алғашқы кезде шахтада жұмыс істейді. Әріптестерінен ерікті көшу бағдарламасын естіген Ержан мен Жанар қалалық «Мансап» орталығындағы мамандардың көмегімен құжаттарын рәсімдеп, мемлекет тарапынан берілетін субсидияға қол жеткізіп, Риддер қаласының орталығынан екі бөлмелі пәтер сатып алады. Ержан өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасса, Жанар конкурс арқылы 1,5 млн. теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұтып, жеке сән салонын ашқан. Олар несиесіз үй алып, армандаған істерін бастап, болашақтарына сенімді қадам басқандарына дән риза.

**Руслан Құшанов** – Сарқан қаласынан қоныс аударған жетісулық. Зайыбы бастауыш сынып мұғалімі болған. Өзі күнделікті тапсырысқа жұмыс жасап, нәпақасын ажыратып жүрген жас еді. Кейін ерікті көші-қон бағдарламасы туралы естіп, Солтүстік пен Шығыс туралы ақпарат жинақтай бастайды. Ақыры таңдауы Риддер қаласына түседі. Себебі, Риддердегі кен орындары жұмыс күшін көп талап ететінін естиді. Сонымен отбасымен ақылдасып, бірден көшу байламына келеді. 2024 жылы көшіп келіп, мемлекеттік көмектің арқасында қаланың дәл ортасынан екі бөлмелі пәтер алып, өзі кәсіп тауып, зайыбын мектепке мамандығы бойынша жұмысқа тұрғызады. Балалары мектепте, өздері жаңа ортада, болашақтарын жазып жатыр.

**Риза Бегекызы** отбасындағы 5 адаммен 2025 жылы қоныс аударады. Сарқан қаласында мұғалім болып жұмыс істеген Риза бүгінде декреттік демалыста. Биыл олардың отбасына жаңа мүше қосылып, сәбидің былдырымен қуанышты күндері еселене түспек. Олардың көшуіне Ризаның қайын інісі себепкер болыпты. Өскеменде жоғары оқу орнын бітірген жас жігіт Риддер қаласына жұмысқа тұрады. Телефонмен хабарласқан сайын шаһар туралы тамсана әңгімелейді. Сосын бір көріп қайтуды жоспарлап, туысқандарын іздеп келіп, бірден осында қоныс аударуға шешім қабылдайды. «Бізді Риддердің көркем табиғаты бірден баурап алды» – дейді Риза. Жұбайы жұмыста, өзі декреттік демалыста. Қаланың дәл ортасынан үш бөлмелі үй сатып алыпты. Мектеп, балабақша, сауда орталығы үйінің іргесінде тұр. Бар жағынан қолайлы ортаға келдік деп сүйініп отыр.

Риддер – табиғаты көркем, инфрақұрылымы дамыған және әлеуметтік қолдауы жоғары шаһар. Ерікті көшу бағдарламасы арқылы жаңа қоныс пен тұрақты жұмыс табуға мүмкіндік мол. Бескенбаевтар отбасы ізденіс пен мемлекеттік қолдау нәтижесінде жаңа өмір бастаудың айқын дәлелі.

## ҮЛКЕН НАРЫНДА ҮМІТ МОЛ

Бұрындары Қатонқарағай ауданының құрамында болып, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап аудан ретінде ресми мәртебеге ие болған Шығыс Қазақстан облысындағы Үлкен Нарын ауданы – табиғи байлығы мол, ауыл шаруашылығы мен туризмді дамытуға қолайлы өңір. Алтай тауларының етегінде орналасқан аудан көркем табиғатымен, қолайлы географиялық орнымен және еңбек ресурстарымен ерекшеленеді.

Аудан халқының басым бөлігінің негізгі күнкөріс көзі – мал және егін шаруашылығы. Сонымен қатар, Риддер қаласына жақын орналасуы тұрғындардың өндіріс пен тау-кен саласында жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Бұл халық табысын әртараптандыруға оң әсер етуде.

Әлеуметтік инфрақұрылым жүйелі дамып келеді. Ауданда мектептер, балабақшалар, медициналық пункттер жұмыс істейді. Мәдениет үйлері мен спорт алаңдары жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беріп отыр.

Үлкен Нарын ауданы туризмді дамытуға ыңғайлы. Таулы аймақтар, өзен-көлдер мен орманды алқаптар экотуризм мен демалыс бағыттарын жүргізуге негіз бола алады. Жол қатынасының жақсаруы өңірдің қолжетімділігін арттыруда.

Үлкен Нарын ауылында Панфилов ауданынан қоныс аударған Жаңабек Ділда анасы Нұржамал және орта мектепте оқитын қызымен бірге тұрып жатыр. Отбасы бұл ауылға өткен жылы ерікті қоныс аудару бағдарламасы аясында көшіп келген.

Жаңабек Үлкен Нарын ауылындағы «Күншуақ» балабақшасында тұрақты жұмыс істейді. Оның айтуынша, 2019 жылы Қытай Халық Республикасынан көшіп келіп, алдымен Панфилов ауданына қоныстанған. Қазақстан азаматтығын алып, тұрмысқа қолайлы өңір іздеген кезде Үлкен Нарын ауданына таңдау түскен.

*– Мұнда жақын туыстарымыз тұрады. Қонаққа келіп көріп, бірден ниетіміз ауды. Аудандық «Мансап» орталығының мамандары бізді жылы қабылдап, барлық құжатымызды рәсімдеуге көмектесті. Тағайындалған қаржылай қолдаудың арқасында осы үйді сатып алып, кірдік. Қазір балабақшада тұрақты жұмыс істеп жүрмін,* – дейді ол.

Балабақша ұжымы да жаңа қызметкерге оң баға беріп отыр.

*– Біздің мекеме – облыс аумағында ауылдық жерде ашылған, ерекше күтімді қажет ететін балаларға арналған балабақша. Сондықтан мамандарға қойылатын талап жоғары. Жаңабек осы талапқа толық сай келді,* – дейді балабақша меңгерушісі Жанна Сейітқамзақызы.

Жаңабек қабылдаған шешіміне риза. Ал анасы Нұржамал апаны мазалайтын бір мәселе бар. Үй ауласында өсіп тұрған алып көк терек бүгінде қауіп төндіріп тұр.

*– Терек қатты биіктеп кетті. Құлап кетпесе екен деп уайымдаймын. Оны кесу үшін арнайы мамандар керек,* – дейді кейуана.

Бұл мәселе бойынша аудан әкімдігіне ресми өтініш жолданатыны айтылды.

Үлкен Нарын ауданы – ауыл шаруашылығы, туризм және әлеуметтік жобалар арқылы дамуға әлеуеті бар аймақ. Мемлекеттік қолдау мен тиімді жоспарлау бұл өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуын жаңа деңгейге көтере алады. Қысқасы, Үлкен Нарын ауданы жетісулықтар үшін қолайлы мекен деген ойға келдік.

## «АЛТАЙДАЙ ЖЕР ҚАЙДА?»

2023-2025 жылдар аралығында Алтай ауданына 32 отбасынан тұратын 107 адам қоныс аударған. Оның ішінде 28 отбасы (91 адам) – ішкі қоныс аударушылар, 4 отбасы (16 адам) – Қытай Халық Республикасынан келген қандастар.

Қоныс аударушылар негізінен Жетісу, Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарынан, сондай-ақ Алматы мен Астана қалаларынан келген. Бұл ауданның еңбекке, тұрмысқа және тұрақты өмір сүруге қолайлы екенін көрсетеді.

Алтай ауданында 37 мектеп, 16 шағын орталық және 10 балабақша жұмыс істейді. Денсаулық сақтау саласында Алтай және Серебрянск қалаларындағы ауруханалар, дәрігерлік амбулаториялар мен жеке медициналық нысандар халыққа қызмет көрсетеді.

Ауданның экономикалық әлеуеті жоғары. Мұнда «Бұқтырма цемент компаниясы», «Қазцинк» ЖШС, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен ағаш өңдеу салаларындағы ірі кәсіпорындар жұмыс істейді. Білім, денсаулық сақтау және нақты секторда білікті кадрларға сұраныс бар.

Қоныс аударушыларды қолдау мақсатында жұмыс берушілер тұрғын үймен, тұрақты жұмыспен және әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуге дайын. Сонымен қатар, бағдарлама аясында жаңа бизнес бастау үшін қайтарымсыз мемлекеттік гранттар қарастырылған.

Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылынан қоныс аударған Аида Дәулетова үшін Алтай қаласы жат емес, қайта жанын жадыратқан жаңа мекенге айналыпты. Қысы қатал деп саналатын бұл өңір Аидаға жұмақтай көрінеді. Жұпар иісті дала, көкке бой созған самырсындардың сыбдыры, тұнық тау суларының сылдыры мен жазғы көркем табиғат оны бірден баурап алған.

*– Мені ең алдымен Алтайдың сұлу табиғаты өзіне қызықтырды. Одан кейін салқын ауа райының денсаулығыма тигізген пайдасын сезіндім. Сарыөзекте ыстықтың әсерінен қан қысымым жиі көтеріліп, дәрігер жағалаушы едім. Алтайға көшіп келгелі сол қиындықтан арылдым,* – дейді Аида Дәулетова.

Бүгінде ол мамандығы бойынша қаладағы дәмханалардың бірінде аспаз болып еңбек етеді. Отбасының да жағдайы орныққан. Үлкен ұлы 11-сыныпты аяқтап, Павлодар қаласында әскери борышын өтеп жүр. Екінші ұлы биыл 11-сыныпта, ал кенже қызы 5-сыныпта оқиды. Балалардың оқу үлгерімі жақсы, жаңа ортаға тез бейімделген.

*– Мемлекет тарапынан көрсетілген барлық қолдау шаралары демеу болды. Соның арқасында қаланың дәл ортасынан екі бөлмелі үй сатып алдық. Қазір еңсеміз тіктеліп, болашаққа сеніммен қарап отырмыз,* – дейді.

Аиданың айтуынша, Алтай қаласы тек табиғатымен ғана емес, әлеуметтік мүмкіндіктерімен де тартымды. Инфрақұрылымы дамыған, еңбек ресурстарына сұранысы бар және қоныс аударушылар үшін нақты мүмкіндік ұсынатын өңір. Мұнда еңбек етуге де, бала өсіруге де қолайлы орта қалыптасқан. Осындай нақты қолдау мен жайлы өмір сүру жағдайы ерікті көші-қон бағдарламасының шынайы нәтижесін көрсетеді. Аиданың шабыттан айтқан әңгімесін тыңдап отырып, «Ағажай, Алтайдай жер қайдай-ай» деген халық әні құлағыма келгендей болды.

## ЕРТІС пен ҮЛБІ ТОҒЫСҚАН

Шығыстың жүрегі саналатын Өскемен қаласы бүгінде ерікті қоныс аудару бағдарламасына қатысқан азаматтар үшін әлеуметтік те, экономикалық та мүмкіндігі мол мекенге айналып отыр. Ол еліміздегі ірі индустриялық орталықтардың бірі. Қала экономикасының негізін түсті металлургия, машина жасау, энергетика, құрылыс және қайта өңдеу өнеркәсібі құрайды. «Қазцинк», «ҮМЗ», «Азия Авто», «Согрин ЖЭО» секілді ірі кәсіпорындар тұрақты жұмыс орындарын ұсынып келеді. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес қарқынды дамып, сауда, қоғамдық тамақтану, қызмет көрсету салаларына жұмыс күші қажет. Бұл – қоныс аударған азаматтардың еңбек нарығына тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Талдықорған қаласының Өтенай ауылынан қоныс аударған Назгүл Шәкенова Өскемен қаласында қызмет көрсету саласынан өз жолын тауып отыр.

*– Былтыр көктемде көшіп келдік. Жұбайым теміржол саласында жұмыс істейді, оны Астанадан Өскеменге қызметке шақырды. Бастапқыда ерікті көші-қон бағдарламасы туралы білмедік. Кейін әлеуметтік желіден көзіміз шалып, бірден Өскемен қалалық «Мансап» орталығына хабарластық. Олар бізді жылы қабылдап, барлық мәселеде жан-жақты қолдау көрсетті. Жарты жылдың ішінде құжаттарымызды толық реттеп, мемлекеттік көмекті де, баспанамызды да алып үлгердік. Балалар мектепке орналасты, ал мен өзім жеке жұмысымды бастап кеттім. Негізгі мамандығым – дәрігер, Өтенай ауылдық амбулаториясында акушер болып істедім. Кейін маркетинг бойынша білім алып, қазір бейнеоператор болып жұмыс істеп жүрмін,* – дейді Назгүл.

Өскемен қаласында мектептер мен балабақшалар жеткілікті. Қазақ тілінде білім беретін оқу орындарының саны жыл сайын артып келеді. Жоғары оқу орындары мен колледждер жас мамандарды даярлауға бағытталған. Денсаулық сақтау саласы да жақсы дамыған: көпсалалы ауруханалар, емханалар мен жекеменшік медициналық орталықтар тұрғындарға сапалы қызмет көрсетеді. Бұл отбасымен көшіп келген азаматтар үшін аса маңызды фактор.

Жас маман Әмина Аханқызы да Өскеменді болашағымен байланыстырғандардың бірі. Ол биыл Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетін тамамдаған. Жетісу облысы Текелі қаласына қарасты Сырымбет ауылында туып-өскен.

*– Тамыз айында отбасымызбен Өскеменге көшіп келдік. Жұбайым «Қазцинк» ЖШС-да жұмыс істейді, өзім – мұғаліммін. Мемлекет тарапынан тиісті қолдауларды көріп жатырмыз. Әзірге үй алып үлгермедік, бірақ барлық құжатты жинап, баспана іздеу үстіндеміз. Біз Жетісудан төрт қыз бірге оқығанбыз, қазір біреуі осында қалды. Бізден кейінгі 10-ға жуық студент те осы өңірде еңбек етуді жоспарлап отыр,* – дейді Әмина. Ертіс пен Үлбі тоғысқан Өскеменде өркендеп өсем деп келген Әминаға біз де тілекші болдық.

*Шығыс Қазақстан облысы – тек жұмыс пен табыс көзі ғана емес, өмір сүруге қолайлы өңір. Алтайдың етегінде орналасқан өлкенің табиғаты көркем, экологиялық ахуалы көптеген өндірісті аймақтармен салыстырғанда әлдеқайда қолайлы. Мәдениет ошақтары, спорт кешендері мен демалыс орындары тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді.*

*Экономикалық әлеуеті жоғары, әлеуметтік инфрақұрылымы дамыған Шығыс Қазақстан облысы ерікті қоныс аударушылар үшін шын мәнінде таптырмас мүмкіндік мекені. Мұнда білікті маманға сұраныс бар, мемлекет тарапынан нақты қолдау көрсетіледі. Ең бастысы – жаңа өмір бастауға қолайлы орта қалыптасқан. Шығысқа қоныс аудару – бұл жай ғана мекен ауыстыру емес, болашаққа жасалған сенімді әрі нық қадам.*



*P.S. Сапар барысында кездескен кейіпкерлерімізден ерікті көші-қон бағдарламасы жөнінде сұрастыратын жерлестеріміз көп екен. Соларға нақты әрі дұрыс ақпарат жеткізуге көмектесу мақсатында байланыс нөмірімді қалдырып отырдым. Демек, осы тұрғыда сұрақтарыңыз болса бізбен хабарласыңыз.*

*«Оңтүстіктен – Солтүстік пен Шығысқа» атты журналистік зерттеу аясында біз көптеген өңірді аралап, талай тағдырмен жүздестік, көп жайтты көзбен көріп, көкейге түйдік. Осы сапар барысында жинақтаған тәжірибе мен мәлімет кез келген сауалға нақты жауап беруге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.*

*Журналистік зерттеу осы тұста мәресіне жеткенімен, жерлестерімізді жаңа қонысқа көшіру ісі енді ғана басталғандай. Алда атқарылар жұмыс көп, айтылар әңгіме әлі де аз емес.*

***Шығыс Қазақстан облысы***

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия «АҚ» Алматы «магистральдық газ құбырлары басқармасы» филиалы ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

